



ДИПЛОМАТИЯ МЕН ДИАЛОГ ТАҢДАУЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екі күндік мемлекеттік сапармен Сингапурға барды. Сапар барысында ол Сингапур Республикасының Президенті Тарман Шанмугаратнаммен келіссөз жүргізді. Бірқатар мемлекеттік қызмет және іскерлік орта өкілдерімен кездесіп, қабылдау өткізді. Бизнес форумда сөз сөйлеп, 46-шы Сингапур лекциясын оқып, ректорлар форумына қатысты.

Сингапурға мемлекеттік сапармен келген Қасым-Жомарт Тоқаевты Istana сарайында Президент Тарман Шанмугаратнам күтіп алды.

Келіссөздердің алдында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан мен Сингапурдың мемлекеттік әнұрандары шырқалып, Құрмет карауылы ротасының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тарман Шанмугаратнам бір-біріне ресми делегация мүшелерін



таныстырды. Мемлекет басшысы Президент сарайындағы Құрметті қонақтар кітабына естелік жазба қалдырды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапурды уақыт сынынан өткен сенімді серіктес санайды. Бүгінде Қазақстанда

140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.

(Жалғасы 2-бетте)



Дүниежүзімен ашық қатынас жасай отырып, біз сыртқы сын-қатерлерге қарсы күресте қырағылық танытып, проактивті түрде әрекет етеміз. Қазақстанның заңды құқықтары мен мақсатын қорғау ісінде тартынып қалмаймыз, еліміздің басты мүддесін құрбан етуге ешқашан жол бермейміз.



ШЫҰ: «ҮШ ЗҰЛЫМ КҮШПЕН» КҮРЕС



5 БЕТ

ҚҰМ АСТЫНДА ҚАЛҒАН ҚАЛА



11 БЕТ

ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ: «ЖЕТІСУ» – ЖЕҢІМПАЗ!

Осымен үшінші рет ұйымдастырылып отырған «Ұлы дала жорығының» үшінші маусымында «Жетісу» командасы жеңімпаз атанды.

Астанада «AMANAT» партиясының қолдауымен көрнекті геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесінің үшінші маусымы өз мәресіне жетті. Кең ауқымда өткен жарыс «AMANAT» партиясының қолдауымен Ұлттық спорт қауымдастығы және оның құрамына кіретін JORYQ ат спорты

федерациясы бірлесіп ұйымдастырғанын баса айтқан жөн.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, марафон-бәйгенің тең ұйымдастырушысы Әлібек Әлденей, JORYQ ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Аманжол Әлтай және Қазыбек Әлішевтер қатысты.

(Жалғасы 4-бетте)



Аманжол ӘЛТАЙ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT»
партиясы фракциясының мүшесі:



ҚАЗАҚ ТҰЛПАРЫНЫҢ ДАҢҚЫ АСҚАҚТАЙДЫ

Жақында Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар спорттық бағыттағы жылқылардың қазақы тұқымын сақтау және өсімін молайту мәселелері туралы заң жобасын мақұлдады. Заң жобасын әзірлеуде бастамашы топтың басы-қасында болған Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтайға қазақы асылтұқымды жылқы шаруашылығының бүгінгі жай-күйі және отандық ат спортының дамыту мәселелері төңірегінде бірнеше сауалымызды қойған едік.

(Жалғасы 4-бетте)

КӨШ ТҮЗЕЛСЕ, ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛАДЫ



Келесі аптада мемлекеттік тіл мен қазақ тарихын ұлықтайтын, түскейден теріскейге қоныс аударатындарды қолдайтын, елді лаңкестерден және педофилдерден қорғайтын, қандастардың атажұртқа оралуына дем беретін бірегей заң күшіне енеді. Жаңа заңға бірқатар жаңашылдық еніп отыр.

ДИПЛОМАТИЯ мен ДИАЛОГ ТАҢДАУЫ

Басы (1-бетте)

Бұл ретте Сингапурдың Қазақстан экономикасына салған инвестициясы 1,7 миллиард доллардан асты. Пандемия салдарынан туындаған экономикалық қиындықтарға қарамастан, екіжақты сауда көлемі көп ұзамай 2 миллиард доллардан асады.

Президенттер өзара тиімді инвестициялық жобаларды ілгерілету, соның ішінде екіжақты қатынастардың құқықтық базасын нығайту арқылы күш-жігер біріктіруге уағдаласты. Бұдан бөлек, тараптар білім беру және адам капиталын дамыту бағыттарындағы ынтымақтастық жандандыру қажет деп санайды.

Одан соң Мемлекет басшысы Сингапур Премьер-министрі Лоуренс Вонгпен кездесіп, оны жақында Сингапурдың Премьер-министрі лауазымына тағайындалуымен құттықтап, жаңа мемлекеттік қызметіне табыс тіледі. Президент Сингапур Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы стратегиялық серіктесі екенін атап өтіп, екі ел арасындағы көпжылдық ықпалдастыққа жоғары баға берді.

«Біз Сингапурмен арадағы көпжақты ынтымақтастықты дамытуға баса мән береміз. Екі ел арасындағы тығыз байланыстың ұзақ жылдар бойы берік дәстүрі қалыптасқан. Мен Сингапурмен қарым-қатынас орнатуға тікелей атсалыстым. 1970-жылдары жас дипломат ретінде маған Сингапурда қызмет ету бақыты бұйырды. Өзім жұмыс істеген жердің мекенжайы да әлі есімде – Nassim road 51», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ал Сингапур Премьер-министрі өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін мол әлеует бар екенін атап өтті. Екі елдің экономикасы бір-бірін толықтыратынын және Сингапур АСЕАН елдерімен ықпалдастықты кеңейтуде Қазақстан үшін өзіндік хаб бола алатынын, ал Қазақстан Сингапурдың Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал ететінін мәлімдеді.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Сингапур Премьер-министрінің орынбасары – Экономикалық саясат жөніндегі үйлестіруші министр Хенг Суи Кеатты, Temasek Holdings компаниясының бас директоры Дилхан Пиллэйді, Indogama корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары Амит Лохианы, Сингапурдың аға министрі – Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіруші министр Тео Чи Хинді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тео Чи Хин екі ел арасындағы саяси және экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады. Мемлекет басшысы Астананың сенімді диалогке, берік сауда және инвестициялық байланыстарды одан әрі нығайтуға негізделген екіжақты серіктестіктің жаңа кезеңіне жол ашуға дайын екеніне тоқталды. Бүгінгі 46-шы Сингапур лекциясында аймақтық қауіпсіздік, тұрақтылық және орнықты даму тақырыбы бойынша сөз сөйлеу зор мәртебе екенін жеткізді.

Өз кезегінде Сингапурдың аға министрі Тео Чи Хин Оңтүстік-Шығыс Азияны зерттеу институтына келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол әлеуметтік-саяси үрдістерді, өңірдегі қауіпсіздік мәселелерін және экономикалық жағдайды



зерттеуде Қазақстан Президентінің дәрісі өзекті саналатынына тоқталды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мен Сингапурдың аға министрі халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Тео Чи Хинге өзінің «Беласу. Дипломатиялық очерктер» кітабының ағылшын тіліндегі нұсқасына қолтаңба берді. Айта кетерлігі, Тео Чи Хин бұл кітапты Қазақстанға жасаған сапарында сатып алып, зор ықыласпен оқып шыққан.

Сапардың алғашқы күні Мемлекет басшысы Қазақстан-Сингапур бизнес форумында

Инвестициялық кеңес құрылды», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Сингапур географиялық жағынан алшақ орналасқанына қарамастан, саяси және экономикалық тұрғыда сенімді серіктес елдер екеніне әрі солай болып қала беретініне назар аударды.

«Біз Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жетекші серіктесіміз – Сингапурмен берік қатынастарды жоғары бағалаймыз. Былтыр екіжақты сауда көлемі 1,8 миллиард долларды құрады. Сингапурдың Қазақстанға құйған инвестициясы 1,7 миллиард доллардан асты. Таяу жылдары бұл көрсеткіш есе-



сөз сөйлеп, жиынның жабылу рәсіміне қатысты. Өз сөзінде ол Қазақстан Сингапур стиліндегі экономикалық реформалар жүргізетін, мол мүмкіндіктер ұсынатын және экономикасы қарқынды дамып келе жатқан ел екенін айтты.

«Елімізде еркін нарықты дамытуға, инновацияны ынталандыруға және білімге негізделген экономикаға көшуге бағытталған ауқымды реформалар басталды. Бұл реформалар ең жоғары халықаралық стандарттарға, соның ішінде ЭЫДҰ стандарттарына сай келеді. Жақында мен ұлттық экономиканы айтарлықтай ырықтандыруға негіз қалайтын маңызды Жарлыққа қол қойдым. Қазақстан аймақтағы инвестиция тарататын негізгі орталық болып қалу үшін жаңа инвестициялық циклді іске қостық. Стратегиялық мақсатымыз – 2029 жылға қарай шетелден 150 миллиард доллар тікелей инвестиция тарту. Біз инвесторларға кешенді мемлекеттік қолдау көрсету және шұғыл шешім қабылдау қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз. Осы мақсатта стратегиялық, инвестициялық жобаларға жетекшілік ететін құзыреті жоғары

Хенг Суи Кеаттың қатысуымен коммерциялық құжаттарға қою рәсімі өтті.

Сапар барысында Президент SOVICO Group компаниясының басқарма төрағасы Нгуен Тхань Хунгпен, Сингапурдың үшінші Премьер-министрі, аға министрі Ли Сянь Лунмен кездесті.

Үшінші Премьер-министрмен кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Азиядағы уақыт сынынан өткен сенімді серіктесі Сингапурмен ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын атап өтті. Оның айтуынша, жуырда ел басшылығының ауысқаны Сингапур үшін маңызды кезең болды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайлы сәтті пайдалана отырып, Ли Сянь Лунды Сингапурдың аға министрі қызметіне кірісуімен құттықтады. Президент ел басшылығының үшінші буыны теңдікке, меритократияға, тиімді басқару мен әлеуметтік үйлесімділікке негізделген табысты әрі ұшқыр ойлы ұлт қалыптастыру секілді Ли Куан Ю мұрасының озық үлгісін сақтап, дамытып келе жатқанына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Сянь Лунның 20 жыл ішінде Қазақстан мен Сингапур арасындағы жан-жақты серіктестікке айтарлықтай үлес қосқанын әрі еліміздің шынайы досы екенін айтты.

Өз кезегінде Ли Сянь Лун екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, Сингапур Қазақстанмен стратегиялық әріптестікті одан әрі жалғастыруға ниетті.

Мемлекеттік сапардың екінші күні Мемлекет басшысы 46-шы Сингапур лекциясында «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта дәріс оқыды. Президент жаһандық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету ісіндегі орта державалардың атқаратын рөлі туралы ой-пікірімен бөлісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда инвестициялық саясат және экономиканы әртараптандыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтты. Қазақстан мен Сингапур сияқты жаңадан пайда болған «орта державалардың» рөлі туралы пайымдай келе, жаһандық қауіпсіздік ландшафтында мол мүмкіндіктерге жол ашып қана қоймай, едәуір қауіп те төндіретін елеулі өзгерістерге назар аударды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстан жолымен алға қадам басып келе жатқан еліміз жауапты дипломатияның қағидаттары мен құндылықтарын қатаң сақтауға бейілді екенін жеткізді.

«Барлық сыртқы серіктестеріміз Астананың қандай ұстанымда екенін жақсы түсінеді. Сондықтан бізді сенімді әріптес санайды. Біз «Жаһандандыру жақтайтын Қазақстан» ретінде бүкіл әлеммен ашық қарым-қатынас жасауды жалғастыра береміз. Бұл – біздің еліміздің сыртқы саясаттағы бағдары. Тұрақсыздық ұзақ уақытқа созылған жаңа дәуірде тек осылай ғана жетістікке жете аламыз. Сол себепті бізге қазіргі қалыптасқан ахуалға бей-жай қарауға болмайды. Дүниежүзімен ашық қатынас жасай отырып, біз сыртқы сын-қатерлерге қарсы күресте қырағылық танытып, проактивті түрде әрекет етеміз. Қазақстанның занды құқықтары мен мақсатын қорғау ісінде тартынып қалмаймыз, еліміздің басты мүддесін құрбан етуге ешқашан жол бермейміз. Кейде біздің ұстанымымызға күмәнмен қарайды, бейтараптығымыз үшін сынайды. Бірақ мұны өз көзқарасы, сенімі жоқ деп қабылдамаған жөн. Керісінше, оны қақтығыс пен мәжбүрліктің орнына саналы түрде дипломатия мен диалогті таңдау деп түсінген абзал. Бұл таңдау – территориялық даулардан бастап идеологиялық қақтығыстарға дейінгі түрлі қайшылықты еңсеруге септігімізді тигізуге мүмкіндік беретін біздің мықты қырымыз», – деді Президент.

Мемлекет басшысы түрлі жаһандық түйткілді шешу ісіне Сингапур дипломатиясының елеулі үлес қосып отырғанын айтты.

«Сингапур 2015 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин мен Тайваньның бұрынғы Президенті Ма Инцзю арасындағы бүкіл әлем көз тіккен кездесуді және АҚШ пен Солтүстік Корея арасындағы тарихи саммитті ұйымдастыруға ұйытқы болды. Біз мұны өте жоғары бағалаймыз», – деді Президент. Ол биыл қыркүйек айында өтетін БҰҰ-ның Келешек саммиті қарсаңында әлемдік қоғамдастықты өзара кеңесу және инклюзивтілік қағидаттарына негізделген көпжақты ұстаным туралы ойлануға үндеді. Көпұлтты және көпконфессиялы қоғам Қазақстан мен Сингапурдың ұтымды тұсы саналады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Орталық Азия және АСЕАН елдерінің халықаралық қатынастардағы рөлі туралы пікір білдірді. Сөзін қорытындылай келе, өзара сыйластық пен ортақ мақсаттарға негізделген әріптестік қатынастарды нығайтуға және баршаға ортақ бейбіт әрі жарқын болашақ құру жолында күш біріктіруге шақырды.

Осыдан соң Мемлекет басшысы Қазақстан-Сингапур ректорларының «Ғылым мен жоғары білім саласындағы әріптестіктің жаңа шыңы» атты форумына қатысты. Өз сөзінде ол Қазақстанда шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын ашу, халықаралық институттармен бірлесіп ұдайы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін елімізге дәйекті тәсіл қажет екенін айтты. Қазақстанның «Болашақ» бағдарламасы арқылы Сингапурға зерттеушілер мен ғалымдарды жіберуге ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар форумда Сингапурдың Білім министрі Мұхаммед Малики Осман және Сингапур ұлттық университетінің президенті, профессор Тан Энг Чие сөз сөйледі. Шараға Қазақстан мен Сингапурдың жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарының 150-ден астам өкілі қатысты.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ



МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ – ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМА

Кеше Сенатта Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасында экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтті. Іс-шара барысында саланы дамытуға қатысты өзекті мәселелер кеңінен талқыланды. Сондай-ақ қатысушылар көтерілген мәселе жөнінде ұсыныстарын айтып, мүдделі тараптардың алдағы бірлескен жұмысының басымдықтарын пысықтады.

Тыңдау кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету міндетін жүктегені айтылды. Бұл ретте өңдеу секторын жедел дамытудың маңызы зор.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев қазір еліміздің алдында 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайтып, оны 450 миллиард долларға жеткізу жөнінде маңызды міндет тұрғанын атап өтті. Соған қарамастан, өңдеуші секторда қордаланған проблемалар аз емес. Оның ішінде өндірістік қорлардың әбден тозуы, өндіріс қуатының жеткіліксіз жүктелуі, білікті кадрлардың тапшылығы, шикізат импортына тәуелділік сияқты мәселелер бар.

«Өңдеу секторының шамамен 40 пайызы металлургияға тиесілі. Олар негізінен төмен деңгейде өңделген өнімдер, аралық тұтыну тауарлары және өнеркәсіптік шикізат. Шикізаттық емес экспортқа қатысты жағдай да осындай. Жалпы, өңдеу секторы әлі күнге дейін импортқа тәуелді болып қалып отыр. Бұл әсіресе, технологиялық өнімдерге және шикізатқа қатысты екенін айта кеткен жөн. Сондай-ақ кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі де өзекті», – деді палата Спикері.

Сонымен қатар тыңдау барысында қатысушылар қаржыландыруға қол жеткізу мәселесін талқылады. Сенаторлар кеше палата отырысында кәсіпкерлік салаға кредит беру тетіктерін қарау кезінде осы түйткілді ішінара көтерген болатын. Қазір несиеге мөлшерлемесі 22 пайызға дейін жетеді. Ал бұл өңдеуші сектордағы кәсіпорындардың дамуына кедергі келтіретіні анық.

Іс-шара кезінде отандық шикізаттың жекелеген түрлерінің жоғары құнына байланысты проблемалар да сөз болды. Бұл қайта өңделген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сондай-ақ отырысқа қатысушылар жеткізілетін тауарлар

көлемін ұлғайту және қайта өңделетін өнім номенклатурасын кеңейту бойынша жұмысты күшейту қажет екенін айтты.

Сенат Төрағасы өнеркәсіп секторын дамыту ісіндегі сын-қатерлерді назарға алып, алдағы кезеге арналған бірлескен жұмыстың негізгі міндеттеріне тоқталды. Палата Спикерінің айтуынша, орта бизнестегі өндірушілерді қолдау және оларды дамыту – басым бағыттардың бірі. Сондықтан аталған санаттың ерекшелігін ескере отырып, осындай кәсіпорындарды ынталандырудың жаңа тетіктерін әзірлеу ұсынылды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өндірілетін өнімді қайта өңдеу деңгейін арттыру жөнінде нақты тапсырма берді. Соның аясында өңдеу өнеркәсібін мемлекет тарапынан қолдаудың қосымша шараларын пысықтаған жөн. Осы бағыттағы проблемалар мен кедергілерді анықтау үшін салаға жасалған барлық қолдау шараларының тиімділігін тексеру және бағалау маңызды. Сонымен қатар бүгін атап өтілгендей, өңдеу өнеркәсібі үшін білікті кадрлар даярлау қажет. Нарық қажеттіліктеріне жауап беретін мамандарды даярлау үшін білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасындағы байланысты нығайтудың маңызы зор. Жалпы, өңдеуші сектордағы ахуалды жақсарту үшін мемлекет, бизнес, депутаттар және ғылыми-білім беру мекемелері бірлесіп, кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізуге тиіс», – деген Мәулен Әшімбаев Парламент алдағы уақытта да бұл бағыттағы маңызды бастамаларға қажетті заңнамалық қолдау көрсетуге дайын екенін тілге тиек етті.

Парламенттік тыңдау кезінде еліміздің Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, Өңдеуші өнеркәсіп одағының Төрағасы Марат Баққұлов, Қазақстан машина жасау одағының Төрағасы Мейрам Пішембаев, Қазақстан химиктер одағының вице-президенті Тахмина Нағұманова, Дүниежүзілік банктің сарапшысы Әсет Бижан және тағы басқа сарапшылар сөз сөйлеп, көтерілген мәселеге қатысты ұсыныстарын жеткізді.

МӘЖІЛІСТЕ КӨЛІК-ТРАНЗИТ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Алдағы жалпы отырыста Мәжіліс Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасындағы бірқатар келісімді ратификациялайтын болады.

Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім көлік-транзиттік және сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған.

Ал Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі келісім Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша мультимодальды тасымалдарды дамытуды көздейді. Бұл Қазақстан мен Қытай аумақтары бойынша жүктерді тасымалдау үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай – Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісім екі елдің аумағы бойынша контейнерлік пойыздар үшін экспорттық-импорттық, транзиттік тасымалдарды ұлғайту жөніндегі ынтымақтастықты одан әрі дамытуды көздейді.

Жалпы отырыстың күн тәртібі жобасына Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің үкіметтері арасындағы халық-

аралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісім де бар. Құжат түркі мемлекеттері арасында теміржол, су және автокөлік арқылы жүк тасымалдау көлемін арттыруға жол ашады.

Сонымен қатар депутаттар Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне (Балық аулау субсидиялары жөніндегі келісім) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын талқылайды. Оның мақсаты – дүниежүзілік мұхитқа шығатын теңіздердің балық ресурстарын заңсыз, хабарланбайтын және реттелмейтін кәсіптік аулауға ықпал ететін субсидияларды шектеу жолымен сақтауды қамтамасыз ету.

Депутаттар екінші оқылымда мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қарайды.


Сондай-ақ Мәжіліс комитеті «Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын жұмысқа алатын болады.

356 ОТБАСЫ ЖАҢА БАСПАНАҒА КІРДІ

Ел Үкіметі ауқымды су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға келтірілген шығынды өтеу жұмыстарын жалғастыруда.

Бүгінде 29 625 отбасы 10,7 млрд теңгеден астам сомаға 100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алды, барлығы 30 912 өтінім қабылданды. Аталған жұмыстар Қостанай, Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Абай және Ұлытау облыстарында толығымен аяқталды. Жұмыс Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында жалғасуда.

Зардап шеккен өңірлерде 8 863 нысан бойынша залалды бағалау жұмыстары аяқталды. 356 отбасы жаңа үйлер мен пәтерлерге ие болды. 1 472 үй салынып жатыр. 1 389 үйде жөндеу жұмыстарын жүргізуге 5,2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. 3 804 отбасы материалдық шығын үшін жалпы сомасы 657 млн теңгеге өтемақы алды.



Айта кету керек, мал шығыны үшін берілген төлем көлемі 1,6 млрд теңгеге жетті. Келтірілген зиянды өтеу жұмыстары жалғасуда және тұрақты бақылауға алынған.

Биыл Қазақстан бірнеше халықаралық ұйымға төрағалық етіп отыр. Дәлірек айтқанда, 6 ұйым. Олардың арасында 2024 жылы Түркі мемлекеттері ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы тәрізді жаһандық геосаясатта өз орны бар құрылымдар да бар. Әсіресе, ШЫҰ-ның жөні бөлек. Шілденің басында Астанада осы ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының саммиті өтеді. Ал осы аптада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымға мүше елдердің сыртқы саясат ведомстволары жетекшілерімен кездесу өткізді.

Амангелді ҚҰРМЕТ

Мемлекеттің сыртқы саясатында Президенттің меймандарды қабылдауы, түрлі құжатқа қол қоюы, әртүрлі платформада кездесулердің өтіп тұруы, қалыптасқан құбылыс. Өйткені ХХІ ғасыр томаға-тұйық өмір кешетін, қақпаны жауып алатын заман емес. Қазақтың «бармасаң, келмесең — жат боласың...» дейтін ұлағаты тура мағынасында өмір шындығына айналған дәуір бұл. Оның үстіне, отыз жыл бұрын америкалық ойшыл Сэмюель Хантингтон айтқан өркениеттер мен көзқарастар арасындағы шиеленіс терендеп бара жатқанға ұқсайды. Кез келген ұлт пен мемлекетке төнетін қауіпкер де аз емес. 1945 жылдан кейін орныққан халықаралық құқықтық нормалардың орындалуына қатысты да күмән көп. Жаһандағы барлық мемлекеттің мүддесін қорғауға, қажет кезінде әділдік орнатуға тиіс БҰҰ-ның да қауқарсыз болатын тұстары жиі байқалады. «Жаһандық оңтүстік» дейтін саяси термин бұрынғыға қарағанда жиі айтылатын болды. Бір қарағанда Батыс үстемдігіне қарсы саяси-экономикалық блоктар құрыла бастағанға немесе сондай құбылыстардың алғышарттары қалыптасып келе жатқанға ұқсайды. Әркім қатардан қалғысы келмейді. Ал көштен қалмау үшін алыс-беріс, барыс-келіс үзілмеуі керек. Қазақстан сыртқы саясатының астарында да осы үрдістен қалмау, елдің ұпайын түгендеу мақсаты тұрса керек. ШЫҰ сияқты ірі ұйымдарда белсенділік танытатынымыз да содан.

Негізі, ШЫҰ — ірі ұйым. Жер көлемі жағынан бұл ұйымға тең келер құрылым жоқ. Әлемдегі аумағы ең ірі 10 мемлекеттің төртеуі — Ресей, Қытай, Үндістан және Қазақстан осы ұйымға мүше. Халық саны жағынан алдына қара салмайды. Мұны Президент Қ.Тоқаев та айтты. «Қазірдің өзінде біздің ұйымға Еуразия құрлығындағы он мемлекет мүше. Бұл елдерде жер шары халқының жартысына жуығы тұрады, сондай-ақ әлемдік жалпы ішкі өнімнің төрттен бірі және жаһандық сауда-саттықтың 15 пайызы осы мемлекеттерге тиесілі. Қазақстан ШЫҰ-ның төрағасы ретінде Ұйымның әлеуетін одан әрі

ШЫҰ: «ҮШ ЗҰЛЫМ КҮШПЕН» КҮРЕС



арттыру үшін бар күш-жігерін жұмсайды», — деді Мемлекет басшысы. Әрі ұйым әлеуеті артып келе жатқанында атап өтті. Президенттің айтуынша, ШЫҰ-ның цифрлық, туристік және энергетикалық салалар бойынша ұйымдастырылған форумдарын қоса алғанда, 100-ден астам іс-шара өткен. Ұйым мүшелері экология, киберқауіпсіздік, климаттың өзгеруі, тұрақты даму, энергетика, көлік және мәдениет тәрізді түрлі бағытта тізе қоса жұмыс істеп жатыр. Мәселен, Қазақстанның бастамасымен 2024 жыл ұйым аясында Экология жылы болып жарияланған. Одан бөлек, «Киелі орындар» жобасы жүргізіліп жатыр. Дегенмен ШЫҰ-ның негізгі басымдығы аймақтағы қауіпсіздікті сақтау, ескірткі, қару-жарақ пен адам саудасына тосқауыл қою, терроризммен және экстремизммен күрес екенін ешкім назардан тыс қалдырған жоқ. Қазақстан үшін бұл бағыттар өте маңызды.

ШЫҰ жиындарында бұрын терроризм мен экстремизмге қарсы күрес тақырыбы ұдайы көтерілетін. Соңғы жылдары Қ.Тоқаевтың бұл қатарға сепаратизмді де қосқаны байқалады. Бұл құбылыстарды Қазақстан Президенті «үш зұлым күш» деп атады. «Қазақстан осы бағыттағы ықпалдастықты ұдайы нығайтуға ниетті. Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі сіздермен келісілген ынтымақтастық бағдарламасы бұл бағытта жасалған нақты кадам саналады. Өз кезегінде ШЫҰ-ның есірткіге қарсы стратегиясы бойынша жұмыстың аяқталуы, терроризмді қаржыландыру арналарын бұғаттауды қоса алғанда, есірткі қауіпіне қарсы күресу үшін өзара қабылданып жатқан шараларды күшейте түседі. Осы жетістіктердің барлығы — Ұйым кеңістігінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі келісілген және нақты шаралардың айқын дәлелі. Бұл халықаралық қатынастардың жаһандық архитектурасындағы

ұстанымды нығайту, ШЫҰ-ның әлемдегі беделі мен рөлін арттыру тұрғысынан да маңызды», — деді Мемлекет басшысы.

Әрине, терроризм мен экстремизмнен төнетін қауіп аз емес. Оны жаһан елдері жақсы біледі. Бірақ соңғы жылдары сепаратизм қауіпі де артып бара жатыр. Сепаратистік пиғылдағы күштерді астыртын демейтін «ойыншылардың» бар екеніне әлемнің өзге аймақтары түгілі, посткеңестік кеңістікте де күә болып жүрміз. 2008 жылы Гүржістанда болған оқиғалардың, 2014 жылдан бері Украинада жалғасып жатқан қақтығыстардың қайнары сепаратистік күштерді қолдау саясатына барып тірелетіні жасырын емес. Қазақстан квази мемлекеттік сепаратистік құрылымдарды мойындамайтынын ашық мәлімдеген. Екі жыл бұрын Санкт-Петербургтегі халықаралық экономикалық форумда Қасым-Жомарт Тоқаев әлемнің бірқатар алпауыттары қолдап отырған Тайваньды да, Косованы да, Оңтүстік Осетия мен Абхазияны да тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның мойындамайтынын, сондықтан Донбасс пен Луганскідегі құрылымдарға да осы ұстаныммен қарайтынын атап өткені бар. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер сыртқы істер министрлерімен кездесуде терроризм және экстремизммен қатар сепаратизмді де атауы «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңданың» үлгісіндей көрінеді бізге. Өйткені ШЫҰ-ға мүше елдердің арасындағы ірі мемлекеттердің жаһанда өз орны мен ықпалы бар. Қазір олардан қауіптенетіндер де аз емес. Бірақ Қазақстан ірі мемлекеттердің барлығымен тең құқылы серіктестік орнатуға мүдделі. Геосаяси шиеленістерде қандай да бір блокқа қосылғанды құп көрмейді. Сәйкесінше, осы ұстанымға өзгерістердің түсіністікпен қарғанын қалайды. Президент сөзінен осындай емеуірін байқадық. Дипломатия тілі болса керек.

Айтпақшы, ШЫҰ Сыртқы істер министрлерімен кездесуде Қ.Тоқаев Ауғанстанға назар аударудың маңызды екенін айтты. «Ауғанстандағы жағдай жіті назар аударуды қажет етеді. Бұл елде гуманитарлық дағдарыстың алдын алу және ұзақмерзімді тұрақтылыққа жағдай жасау үшін күш біріктіру жұмыстарын жалғастыру жөн. Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның өңірлік орталығын құру туралы Қазақстанның бастамасын қолдау — өте өзекті», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бәлкім қоғамда «Ауғанстанға назар аударудың қажеті қанша?» дейтін сауал қоятындар да кездесер. Рас, бір қарағанда Ауғанстан Қазақстанмен шекараласпайтын, «өз қазанында өзі қайнап жатқандай» көрінетін мемлекет. Алайда Ауғанстан ежелден Орталық Азияда өзіндік орны бар аймақ. Ондаған жыл бойы соғыстан көз аспаған елде тыныштықтың орнауына тұтас аймақ елдері, соның ішінде Қазақстан да мүдделі. Біз қазір көлік-логистикалық бағыттарымызды диверсификациялауға ұмтылып жатырмыз. Өнімдерді санаулы ғана бағыт арқылы алыс шетелдерге шығара алмайтынмызға көзіміз жетті. Сондықтан Ресеймен қатар Қытай, Әзербайжан, Иран бағытындағы көлік дәліздерін пайдалануға ұмтыламыз. Орталық Азия елдерінен Ауғанстанға, әрі қарай Пәкістанның Үнді мұхитындағы порттарына жетуге мүдделіміз. Ал бұл істе Ауғанстанның тұрақты болуы маңызды рөл ойнайды. Әрі Ауғанстан ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көбімен шекараласады және деюре ұйымда бақылаушы мәртебесі бар. Сондықтан бұл елде тұрақтылық болғаны ұйымға мүше мемлекеттің барлығына тиімді. Алдымен экономикалық, соның ішінде көлік-транзиттік бағыт тұрғысынан пайдалы. Екіншіден, Ауғанстан терроризм мен экстре-

мизнің Орталық Азияда қайта өршуіне қолайлы жағдай қалыптасқан ел. Дін атын жамылған террористер Орталық Азияға да, Ресейге де, тіпті Қытай мен Үндістан, Пәкістан, Иранға да қауіпті. Әсіресе, Таяу Шығыста АҚШ бастаған коалиция күштерінің сокқысына ұшырап, қарулы топтарының көп бөлігін Африка құрлығына жылыстатуға мәжбүр болған ДАИШ ұйымының бір қанаты Ауғанстанда орнығуға тырысып жатыр. ДАИШ-тың «Хорасан уәлаяты» немесе ISIS-K деп аталатын қанаты Ауғанстанда «Талибан» қозғалысына қарсы әрекет етіп жүр. Түпкі мақсаты — Кабулды басып алу, сөйтіп халифат құру. 2018 жылы «Талибан» осынау топтың Ауғанстандағы күштеріне қарсы ұрыс жүргізіп, біршама әлсіреткен. АҚШ күштері де осынау содырларға біраз сокқы берді. Бірақ топ толық жойылған жоқ. 2021 жылы «Талибан» Ауғанстан билігіне қол жеткізген соң да бұл топ Кабулда бірнеше рет жарылыс ұйымдастырған. Иранда да теракт жасады. 2024 жылдың қантарында Иранда генерал Касем Сүлейманиді еске алуға арналған іс-шара кезінде жарылыс жасап, салдарынан 103 адам өліп, 140-тан астамы жараланды. Ал 22 наурызда Мәскеудегі «Крокус Стит Холл» сауда-ойын сауық кешеніне шабуыл жасады. Салдарынан 130-дан астам адам мерт болды. Көптеген халықаралық сарапшы «Хорасан уәлаяты» тобы Ресейді, АҚШ-ты, Қытайды, Иранды жау санайтынын мәлімдеген. Ал соңғы кездердегі оқиғалар желісіне қарасақ, осынау террористік топ «Талибан» қозғалысымен қандай да бір қарым-қатынас орнатқан мемлекеттерге тіс қайрайтыны байқалады. БҰҰ-ның 2023 жылғы есебінде «Хорасан уәлаяты» тобының қарулы жасақтарындағы адам саны 4 мыңнан 6 мыңға дейін жетуі мүмкін екені айтылған. Әрі Ауғанстанның 13 аймағында тірек пункттері мен «Ұйқыдағы ұяшықтар» желісі бар деседі. Яғни, «Талибан» қозғалысы билікке келгелі тынышталғандай көрінетін Ауғанстанда іс жүзінде бейбітшілік орнай қойған жоқ. Ол елдің аймағынан экстремизм идеясын «экспорттаушылар» Орталық Азия мен Қазақстанға ағылуға қарсы емес. Одан бөлек, Ауғанстандағы жағдай күрт шиеленіссе біз жаққа қарай босқындар ағылуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан басшысы Ауғанстан мәселесіне үнемі назар аударып келеді. Астанадағы кездесуде де ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер сыртқы істер министрлерін бұл елдегі жағдай туралы құлаққағыс етуінің сыры осында деп білеміз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан өзінің экономикалық мүддесін қорғау үшін, геосаяси шиеленістер кезінде елге төнуі мүмкін түрлі сын-қатерден сақтанудың барлық амал-айласын жасап жатыр. Дипломатиялық маневрлердің, көп-векторлы саясаттың ұтымды тұсы — осы. Халықаралық құқықтық нормалардың сақталуы қаншалықты маңызды екеніне серіктестерінің назарын аударудан жалыққан емес. Таразының бір басына қауіпсіздікті, келесі басына экономикалық қарым-қатынастарды тарта отырып әрекет жасап келеміз. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерді басшыларының шілдеде өтетін саммиті де, осы аптада болған сыртқы істер министрлерінің кездесуі де осы мүдде тұрғысынан маңызды. Әйтпесе, жаһанда түрлі атаумен талай жиын өткен, алда да бола береді.



Атырау облысында тасқын қаупі әлі де болса күшейіп тұр. Қазір Атырау облысында Махамбет ауданы, Атырау қаласы үлкен қауіптің алдында.

Баян ЖАНҰЗАҚ

Махамбет ауданындағы Жайық өзенінің су деңгейі қазір 10 метрден асып кетті. 22 мамыр күнгі мәлімет бойынша, су деңгейі 10 метр 23 сантиметрге жетті. Осылайша, Махамбет ауданындағы су көлемі қауіпті деңгейден 1 метр 73 сантиметрге дейін асып кетті. Атырау қаласындағы су деңгейі 5 метр 82 сантиметрді көрсетіп, тасқын су көлемі қауіпті деңгейден асты.

Махамбет ауданы бойынша Сарытоғай, Махамбет, Ақтоғай, Талдықөл, Сарайшық ауылдары судың қоршауында қалып отыр. Тасқын су кірме жолды бұзып, ауылға байланысыз қалу қаупі төнгендіктен, Махамбет ауданының жедел штабы Талдықөл ауылының тұрғындарын алдын ала эвакуациялау туралы шешім қабылдады.

Қазір Талдықөлдің 224 тұрғыны Атырау қаласындағы арнайы жасақталған эвакуациялық жатыр. Оның ішінде 147 бала бар.

Махамбет аудандық жедел штабының мәліметінше, Талдықөл ауылындағы тұрғындар ерікті түрде көшірілуде. Тұрғындарды эвакуациялауға 25 орындық 4 автобус, 12 орны бар 2 ГАЗель автокөлігі мен 30 қызметкер тартылған.

«Бейбарыс ауылдық округіндегі Талдықөл ауылында 221 үй, 1 215 тұрғын бар. Кешке дейін ауылдың 140 тұрғыны Атырау қаласына жеткізіліп, АРЕС жоғары колледжінің эвакуация пунктінде орналастырылды. Оның ішінде 29 ер, 50 әйел, 3 мүмкіндігі шектеулі жан, 2 жүкті ана, 16 жасқа дейінгі 52 жасөспірім мен 1 жасқа толмаған 4 сәби бар», — деп хабарлады аудандық жедел штабтан.

Ал ауылдың ер-азаматтары ауылды тасқын судан қорғауда. Талдықөлдегі тасқын суға қарсы жұмысқа төтенше жағдайлар саласының 107 қызметкері, 28 әскери қызметші жұмылдырылған. Арнайы 9 техника бар.

Сарайшық ауылында зират қорымы тасқын судың астында қалды. Қарқынды қатты өрсу зираттарды қорғау үшін салынған бөгеттерді жарып кетті. Әскерилер, Төтенше жағдайлар департаменті мамандары, одан қалды ауыл тұрғындары жұмыла жүріп, екі күн бойына зират бойына жанама бөгет соққанымен, су бәрібір зираттарды шайып кетті.

Кілігінен судың ортасында қалған Сарайшықтың алдында қазір ауылды тасқыннан қорғау міндеті тұр. Әр 200 метр

ТАСҚЫН ӨТІНДЕГІ

сайын кезекшілер бөгеттерді тәулік бойы бақылауда. Су жарған жерлерді өзiрге кезекшілердiң дереу хабар берiп, әрекет етуiнiң арқасында ғана тоқтату мүмкiн болып отыр.

Сарайшық ауылдық округiнiң әкiмi Жаннат Кенжеғалиеваның хабарлауынша, кезекшілер арнайы бөлінген 8 сектор бойынша жұмыс атқаруда.

«Сарайшық ауылында тасқыннан қорғану мақсатында салынған бөгеттің жалпы ұзындығы 13,6 шақырымды құрайды. Қазір әр 200 метр сайын кезекшілік қойылды. Кезекшілер 4 сағат сайын ауысып, жағалау тәулік бойы бақыланып отыр», — деді Сарайшық ауылдық округінің әкімі Жаннат Кенжеғалиева.



Еске сала кетелік, Сарайшық ауылында 13,6 шақырым бөгет салынды. Оның ішінде бөгеттің 5,4 шақырымы қайта жаңартылды. 8,2 шақырым бөгет жаңадан салынды.

Тасқынмен күреске қазір Сарайшықтың өзінде ауыл тұрғындарын қоспағанда, 200 сарбаз, 14 ТЖД мамандары жұмылдырылды.

Жалпы, Махамбет ауданы бойынша, қауіпті аймақтарда 40 бекетте тәулік бойы кезекшілік атқарылып жатыр.

Өзірге Махамбет ауданында елді мекендер суға кете қоймағанымен, шаруашылық орындары зардап шегіп жатыр. Атырау облысының төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабының мәліметіне сәйкес, күн өткен сайын белен алған өрсуының тасуынан Махамбет ауданы бойынша 66 егін шаруашылығы алқабы мен 27 мал шаруашылығымен айналысатын жеке қожалықтар зардап шекті. «Сонымен қатар 1 өндірістік жылыжай құрылысы, 1 жылыжай, 1 ешкі сүтін өндіретін зауыт, 1 балық өсіру зауытының құрылысы және 4 демалыс орны су астында қалды.

Зардап шегу қаупі бар аймақта егін шаруашылығымен айналысатын 7, мал шаруашылығымен айналысатын 19 шаруа қожалығы бар. Суға кеткен шаруа қожалықтарындағы мал басы толықтай алдын ала бекітілген қауіпсіз аймақтарға көшірілді.

Ал егін суға кетіп зардап шеккен егін шаруашылығы иелерінің шығыны толықтай өтеледі. Өрсуының қарқынды саябырлаған соң арнайы комиссия құрылып, акт жасалып, есебі жүргізіледі», — деді Махамбет ауданының әкімі Қайрат Нұрлыбаев.

Тасқын судан зардап шеккен қожалықтардың бірі — 20 жылға жуық тарихы бар Атыраудағы «Дастан» қожалығы.

12 түрлі бау-бақша өнімдерін ерте шығарып, жергілікті тұрғындарды экологиялық таза өніммен қамтамасыз етіп отырған «Дастан»

су астында қалып отыр. Сонымен бірге көктемгі дала жұмысын жүргізуге арнайы дайындалған жердің 4000 гектарын су басты. Ауыл шаруашылығы министрлігі зардап шеккен өңірлерге өтемақы төлеу жөнінде қағида жариялаған болатын. Осыған байланысты шаруашылығы тасқыннан зардап шеккен аудандарда комиссия құрылуда. Өтініштер қабылданып, шығын өтелетін болады. Атырау қаласы аумағында тасқыннан зардап шеккен шаруашылық нысандарының қатарында алма бақтар, егістік алқаптары бар», — деді Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы бөлім басшысының міндетін атқарушы Азат Қапанов.

Тасқын судан Қызылқоға, Жылыой, Махамбет, Индер аудандарында және Атырау қаласындағы шаруа қожалықтарының бірқатары зардап шекті. Атырау облысы бойынша 500 гектардан астам егін алқабы қауіпті аймақта тұр, ол ау-

суда қалған 2 техникасы, жылқы, түйе малдарын су басқан аумақтан шығарылып, Талғайраң жайылымына жіберілді, 100 бас сиыр малын сол шаруашылық жерінде өзі ұстап отыр. Осы шаруашылыққа жанар-жағармаймен көмек көрсетілуде.

Қайыршақты ауылдық округінде су басу қаупі бар «Ақбұлақ» шаруа қожалығының бордақылауға қойылған малын сақтап қалу мақсатында шаруашылық жеріне жергілікті әкімдік ұйымдастырумен күрек, қапшық, жанар-жағармаймен, малға қажетті жем-шөппен және сарбаздармен көмек көрсетілуде», — деді Атырау қаласының әкімі Шәкір Кейкин.

Айта кету керек, Атырау қаласы аумағында егін шаруашылығымен айналысатын 14 шаруа қожалығының 735,17 гектар жер учаскелерін су басқан.

Осы егістік алқаптарда егілген 14 гектар жоңышқа, 1 000 түп жеміс-ағаш, 2 070 түп басқа ағаш, 2 шағын жылыжай, киіз үй, құрал-жабдықтар, 25 рулон мал азығы су астында қалып отыр.

Тасқын қаупі Атырауда эпидемиологиялық ахуалды да нашарлатуы мүмкін. Осы мақсатта Атырау қаласының өзінде тасқын болған жағдайда 94 медициналық бригада қызмет көрсетуге дайындалып отыр.

Атырау қаласында су тасқыны бола қалған жағдайда эвакуациялық пункттерде тұрғындарға қызмет көрсететін медициналық бригада ұйымдары бекітілді.

Бұл туралы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиев хабарлады.

«Атырау қаласында қазір 94 эвакуациялық пункт дайын тұр. Бұл эвакуациялық пункттің барлығында медициналық кезекші бригадасы құрылды. Бұдан бөлек, инфекциялық ауруханада қосымша стационарлық 200-ден астам резервтік орын дайындалды. Қажет болған жағдайда модульдік аурухананы жұмылдырамыз. Сондай-ақ тасқынға байланысты ахуал қиындайтын болса, Атырауға 100-ден астам дәрігерді тарту жөнінде шешім қабылданды», — деді спикер.

Облыста 52 жедел жәрдем көлігі бар, оның 30-ы қалада және 22-сі аудандар бойынша бөлінген. Одан бөлек, басқа медициналық ұйымдар арасында науқастарды тасымалдау үшін резервтік 11 көлік қарастырылды.

Қазір қала бойынша 26 жедел жәрдем бригадасы жұмыс істеуде, қажеттілік туындаған жағдайда қосымша 4 бригада қарастырылған.

Тасқын су қаупі сейілер емес. Қазір Атырау қаласында, Махамбет ауданында тасқынға қарсы күреске және Жылыой ауданындағы қалпына келтіру жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Шекара қызметі, Ұлттық гвардия, Ішкі істер министрлігі, мемлекеттік органдар қызметтерін қоса алғанда 5 000-ға жуық адам жұмылып отыр.

Атырау облысы

Атырау



мақтар қоршалып, бөгет орнатылған. Бір ғана Махамбет ауданында тасқын қаупі бар аймақтарда егін шаруашылығымен айналысатын 7 шаруашылық, мал шаруашылығымен айналысатын 19 шаруа қожалығы бар.

22 мамыр күнгі ахуал бойынша, су тасқыны салдарынан Атырау қаласында 9 мал шаруашылығымен айналысатын қожалық суға кетті. Атап айтқанда, Сарыөзек каналы аумағындағы 4 шаруа қожалығы және Соколок каналы бойында орналасқан 5 қожалықтың жерлерін су басты. Бұл шаруашылықтардың 1 590 гектар мал жайылым жері суда қалды. Дегенмен мал шығыны болған жоқ.

Қазір жерін су басу қаупі бар шаруа қожалықтарға қалалық әкімдік тарапынан көмек көрсетілуде.

«Соның ішінде Қайыршақты ауылдық округіндегі «Тойлыбаев» және Алмалы ауылдық округінен Жайық өзені бойында орналасқан «Ынтымақ» шаруа қожалықтарына шаруашылық жеріне бөгет соғу жұмыстары жүргізілді. Соколок каналы бойында орналасқан «Нұртаза» шаруа қожалығының

мақтар қоршалып, бөгет орнатылған. Бір ғана Махамбет ауданында тасқын қаупі бар аймақтарда егін шаруашылығымен айналысатын 7 шаруашылық, мал шаруашылығымен айналысатын 19 шаруа қожалығы бар.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Атырау облысының ТЖ жөніндегі жедел штабының мәліметінше, судың көптігі мен қатты желдің салдарынан «Соколок» каналы бойындағы бөгет бұзылған.

«Соколок» каналы — Атырау қаласына бағытталған үлкен су нөпірін Жайық өзені арқылы реттеудің негізгі элементтерінің бірі. Осыған байланысты канал бойындағы алғашқы қорғаныс нысанына қосымша қаланы тасқын сулардан қорғауға арналған екінші қорғаныс нысаны салынғанын атап өткеніміз жөн. Екінші қорғаныс бөгетінің беріктігін қамтамасыз ету мақсатында қосымша нығайту жұмыстары жүргізілді. Бөгеттің биіктігі Балтық биіктік жүйесінің деңгейіне сәйкес ұлғайтылды. Бұл учаскеде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылып отыр. Қазір жағдайдың өзгеруіне байланысты қажетті шешімдер алу үшін қосымша техникалар жіберілді», — дейді Атырау облыстық жедел штабы.

Сыр өңірі –
ежелден дәстүрлі
жыраулық өнердің алтын
қазығы қағылып, туы тігілген
қастерлі мекен. Сөз құдіретімен
құндақталған жүз шайыр мекендеген
киелі өңірде кешегі өткен Тұрмағанбет пен
Көшеней жыршылардың жолын жалғап,
дәстүрлі өнерімізді арқау еткен ұрпақтар
сабақтастығы әлі күнге үзілген емес. Дәстүрлі
өнерімізді өлтірмей, өскелең ұрпақтың
жадында жаңғыртып жүрген осындай өнер
жанашырының бірі – қазақтың дәстүрлі
өнерін жалғастырушы жырау, фольклор
зерттеушісі, профессор, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері Алмас
Алматовпен бабадан жеткен
текті өнер төңірегінде
сұхбаттасқан едік.



**ӘРБІР БАСТАМА
ЖЕМІСІН БЕРІП ЖАТЫР**
– Соңғы жылдары өнерді,
оның ішінде дәстүрлі жыраулық
өнерді қолдау бағытында тың бас-
тамалар қолға алынып жатыр.
Атқарылған жұмыстар ұшан-
теңіз. Осының негізінде ұлттық
өнерді, дәстүрлі өнерді жаңғырта
алып жатырмыз ба?

– Сыр бойындағы жыршы-
лық, жыраулық дәстүр бұл атадан
балаға мирасқорлық өнер есе-
бінде жалғасып келе жатыр.
Өнер өзінің мұрагерлік ұрпақ-
тары арқылы дәстүрлік сипатқа
айналады. Ал дәстүр – ұлттың

Жыраулық өнердің ӨРЕСІ БИІК Тұруға тиіс

алтын бесігі. Ұлттық құндылық-
тарымыз дәстүр арқылы өрбиді.
Сондықтан да біз айтып жүрген
дәстүрлі өнер дегеніміз – мың-
жылдық мәдениеттің, жүзжыл-
дық тарихтың белдеуінен өтіп,
келер ұрпаққа жетіп отырған
күнды дүние. Соның негізінде
арғысы Тоныкөк пен Күлтегін,
бергісі Қорқыт атадан жеткен
дәуірлердің барлығы дерлік елі-
міздің тарихы болып саналады.
Бұл дәстүрлі өнер бізге ХХ ға-
сырда атақты Ешнияз сал, Кете
Жүсіп, Мұзарап жыраулардың
мақамымен келді. Содан бермен
қарай Жиенбай жырау, Рүстембек
жырау, Көшеней, Сәрсенбай
жырау, Алтынбек жыраулардан
жалғасып келеді. Бұлардың қай-
қайсысы да жеті атадан жырау-
лықты мұра тұтқан, алтын ұя
мектептің ізі. Сол секілді Арал
өлкесіндегі даңғайыр жырау-
лардың, ақындардың мұралары
да біздің шексіз байлығымыз.

Бүгінде Арал топырағынан
шыққан Нұртуған ақын атымен
аталатын жыршы-жыраулардың
мектебінің, одан кейін Жиенбай
жырау, Нартайдың жыршылық-
жыраулық мектебінің мектеп
күйінде қалыптасуы дәстүрлі
өнеріміздің өрістей түскенін аң-
ғартады. Сондай-ақ Қазанғап
атындағы колледжде Айдос Рах-
метовтың шәкірттері тәлім алған
жыршы-жырау бөлімі ашылып,
Қорқыт ата университетінде дәс-
түрлі жыр-өнер мамандығы қалып-
тасты. Бұл жұмыстар – өзі-
міздің қаламымыздың ұшымен,
жігер-күшімізбен жасалған дү-
ние. Демек, Сыр бойында жыр-
шы-жыраулар, соған талпынған
жас балалар жыраулар үйінде,

музыкалық мектепте, музыкалық
колледжде, бакалаврда шын-
далса, бүгінде Қазақ ұлттық өнер
университетінде PhD докторан-
турасы деңгейінде үздіксіз білім
алу тізбесіне айналды. Осы орай-
да мұндай игілікті бастама тек
Қызылорда облысында ғана
жүзеге асырылды деп сенімді
түрде айтуға болады. Өйткені
мұндай жұмыстар өзге өңірлерде
әлі де жасала қойған жоқ. Сон-
дықтан да Қызылорда облысы
осы жыршы-жыраулық өнердің
орталығы болуға әбден лайық.

Сыр өңірінде соңғы жылдары
халықтық өнерге, оның ішінде
жыраулық және жыршылық
өнерге мән беріп, түрлі жиындар
мен халықаралық конферен-
циялар, симпозиумдар болып
тұрады. Сол сияқты «Қорқыт Ата
және Ұлы дала сазы» атты халық-
аралық фестивалі де тұрақты
өткізіледі. Бұдан бөлек, респуб-
ликалық жыраулардың конкур-
стары бірнеше мәрте ұйымдас-
тырылды.

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА ДӘСТҮРЛІ ЖЫРШЫЛЫҚ ПӘН ЕНГІЗІЛУГЕ ТИІС

– Қай кезде де жыраулық
өнердің маңызы жоғары сипатқа
ие. Осы орайда қазақтың жыршы-
лық өнерінің тәрбиелік мәні мен
келешегі жайында ойыңызды біл-
сек.

– Жалпы, дәстүрлі өнер жа-
нашыларының көкейінде жыр-
шылық өнерді өскелең ұрпақтың
жадында жаңғырту үшін бола-
шақта не істелуі керек? деген
үлкен сұрақ тұр. Бұған дейін ат-
қарылған жұмыстар да аз емес.

Енді осы дәстүрлі жыр, ән, өнер
және айтыс пәндерін орта мек-
тептің бағдарламасына ендіру
және Оқу-ағарту министрлігі
арқылы мамандықтардың тіз-
бесіне енгізу басты міндет деп
білемін. Сол уақытта ғана біз
әрбір мектепте әншісі де, жыр-
шысы да, айтыскер ақыны да
қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеген
болар едік. Яғни, «адам адамнан
тәрбие алады, ағаш ағашты көріп
сәнін алады» деген қанатты қа-
ғиданы қалыптастырар едік. Бір
жағынан, кейінгі ұрпақ өз орта-
сында жүрген ақыны мен жыр-
шысынан тәлім алар еді. Бұл ке-
лешекте мектеп оқушыларының
айтыс және жыршылық өнеріне
конкурс жариялап, кәдімгі үлкен
тәрбиелік мәні бар жұмыстарды
алға сүйреп кетуге үлкен негіз
болары сөзсіз. Демек, бүгінде біз-
дің жоғары оқу орындарында
оқып жатқан мамандарымыз тек
кана орындаушы күйінде емес,
рухани ағартушы жетекші фак-
торға айналуына баса назар ауда-
руымыз керек.

Негізінен, біз жыраулық
өнерді сахналық өнер деп қара-
маймыз. Жырау – бүтін халық-
тың рухын оятатын тұлға. Сон-
дықтан да бүгінгі қоғам
жыршы-жыраулардың әлеумет-
тік-рухани үлес салмағын ай-
қындап, деңгейіне, қарым-қабі-
летіне сай ортамыздан орын

таптаты. Өзім консерваторияда
дәстүрлі өнер мамандықтары
бойынша кафедра меңгерушісі
болған тұста көптеген таланттар-
ды тәрбиеледік. Бұл азаматтар
қазір бір-бір тұлға атанып, бізбен
тең дәрежеде мәдениетке елеусіз
еңбегін сіңіріп жүр. Яғни, еселі
еңбегіміздің арқасында үмітіміз
ақталды деп толыққанды айта
аламын. Сондықтан да болар,
бұрын кадр жоқ деп қиналатын
болсақ, бүгінде Қызылордада бұл
мәселе түбегейлі шешілді. Ендігі
нәрсе – мұның келешек ұрпаққа
қандай жолдармен насихатталуы
және оның жалпы адамзаттың
ортақ мұрасы есебінде халықаралық,
әлемдік деңгейге көтеру-
дің жолдарын іздестіру.

Өткен жолы Анкара қала-
сында «Түрксой» халықаралық
ұйымының президенті Сұлтан
Раевпен қыркүйек айында көш-
пенділер ойынында жыршы-жы-
раулардың үлкен фестивалін өт-
кізетін болып келістік. Әрі бұл
алдағы уақытта тұрақты түрде
болып тұрады. Ұсынысымыз
ұйым тарапынан сәтті қабылданды.
Осындай жолдармен төл өнерді
халықаралық, әлемдік деңгейде
көтере беру керек. «Ерінді ер деп
танымасаң, басқа ел деп таны-
майды». Сондықтан да дәстүрлі
өнерімізді осы тұрғыда көтергенде
ғана «осындай ел бар екен» дей-
тіндей деңгейге жетеміз.

**АЛДАҒЫ МАҚСАТ –
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА
ОРТАҚ УНИВЕРСИТЕТ ҚҰРУ**
– Жалпы, Сыр өңірінде дәс-
түрлі жыраулық мектепті қалып-
тастыруда үлкен еңбек сіңір-
геніңізді білеміз. Қазір немен
айналысып жүресіз?

– Қазір Қазақ ұлттық өнер
университетінде профессор-
оқытушы болып жұмыс істеп
жатырмын. Сол жерде жыр сы-
нын қалыптастырып, шәкірт
тәрбиесімен айналысуға күш-
жігерімізді жұмсап жатқан
жайымыз бар.

Осы арада айта кетейін, біз
айтып отырған дәстүрлі жырау-
лық мектепті қалыптастыру ісі –
Сыр бойы ғана емес, бүкіл Қазақ-
стан бойынша жасалған дүние.
Басты мақсат – жыр өнерінің
Темірбек Жүргенов атындағы
Өнер академиясында, Құрман-
ғазы атындағы консерваторияда,
Қазақ ұлттық өнер универси-
тетінде, Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік универ-
ситетінде, Қожа Ахмет Ясауи
атындағы халықаралық универ-
ситетте, Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университетінде
оқыту болды. Бүгінде аталмыш
білім ордаларында оқытылып
жатыр.

Алдағы міндет – болашақта
өскелең ұрпақты осы өнерге бау-
литын бүкіл түркі халықтарына
ортақ орталық университетін құру.
Оны түрік халықтарының өнер
академиясы деңгейіне жеткізу.
Сонда ғана біздің түркі халық-
тарымен бауырластық мақсат-
мұраттарымыз ортақ арнаға түйі-
сіп, өнер мен мәдениеттің, тарих
пен тағылымның бір тізбегіне
шыға аламыз.

– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

СЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Шын мәнінде, «кітап дәрігері» деген мамандық жоқ, құжаттарды қалпына келтіруші-консерватор, түптеуші мамандар бар. Ескі, жыртылған құжат, кітапты қалпына келтіріп, оларға екінші өмір сыйлаған соң осылай аталып кеткен. Елімізде кітаптарды сақтау және қалпына келтіру мәселелері 1997 жылы қазан айында өткен кітапханалар мен архивтердің жазба мұраларын сақтау жөніндегі Бірінші қазақстандық конференция жұмысынан кейін басталған. Бірақ оған дейін Ұлттық кітапханада құжаттарға қалпына келтіру және түптеу жұмыстары жүргізіліпті. Мұрағат дереккөздеріне сүйенсек, түптеу шеберханасы 1935 жылы құрылған. Қазір кітапты қалпына келтіру орталықтары барлық елде бар. Мысалы, Түркиядағы қалпына келтіру орталығы Рами кітапханасында «Шипахана» деп аталады.

Көненің көзіндей кітаптарды емдеп, ішіндегі құнды жазбаларды бүгінге дейін қаз-қалпында сақтауға үлес қосып жүрген реставрация саласында 15 жылға жуық тәжірибесі бар, Ұлттық кітапхананың консервациялау, реставрациялау және түптеу қызметінің басшысы Аида Шоманова ескірген кітаптарды емдеу алдында диагноз қойылатынын айтты.

«Кітаптарды қалпына келтіру үшін, ең алдымен диагноз қоямыз, біз оны «құжаттың не кітаптың жай-күйін бағалау» деп айтамыз. Кітапта мынадай зақымданулар бар: биологиялық – зең басқан, физико-химиялық – қышқылдығын анықтау, дақтары бар, бүлінген, механикалық – кітап беттері жыртылған, мұқаба қаптамасының блогы ажыраған. Осы жағдайлардың барлығын анықтағаннан кейін қалпына келтіру әдістерін таңдап, жұмысқа кірісеміз. Ең ұзақ және қиын әрекеттердің бірі – цементтелген, яғни қатты жабысып қалған құжатты ажырату, скотчты алу және де бүлінген құжаттарды қалпына келтіру. Өйткені ол процестерді орындау үшін химик мамандары қажет. Кітапты қалпына келтіруші мамандар әр кітапхана, архив, мұражайларда болу керек. Өкінішке қарай, біздің елімізде ондай бөлімдер санаулы. Мысалы, Қазақстанда кітапханалар арасында қалпына келтіру бөлімі Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында бар», – деді А.Шоманова.

Маманның айтуынша, кітап дәрігерінің негізгі міндеті – зақымдалған, ескірген кітаптарды қалпына келтіру. Кітапты қалпына келтіру оны мұқият зерттеуден басталады. Кей жағдайда кітапты толығымен, я болмаса жартылай бұзу керек болады. Әсіресе, кітаптың мұқабасын жаңаға ауыстыру мәселесіне өте мұқият қарау керек. Мұндай шешім мұқабаны сақтау мүмкіндігі болмағанда және мұқабаның тарихи және көркемдік құндылығы болмаған жағдайда қабылданады. Егер кітапқа жаңа мұқаба қаптау қажеттігі туралы шешім қабылданса, ол кітаптың жарыққа шыққан дәуіріне сай болуына мұқият көңіл бөлінеді. Кітап дәрігері Аида Шоманова




Кітапхана – тарихи деректерді оңай таба алатын орын. Бірнеше ғасыр бұрын жазылған қолжазбалар мен көнерген кітаптардың бүгінге дейінгі сақталуының құпиясы көп адамды ойландырмағаны анық. Бір қызығы, кітаптар да «өмделіп», өмір сүру жасы ұзарып отырады екен. Кітап дәрігерлерінің мектебі XVII-XVIII ғасырларда қалыптаса бастаған.

футуристік басылым жартылай былғары, яғни француздық мұқабада, ал XVIII ғасырдың кітабы модерн стиліндегі мұқабада оғаш көрінетінін естен шығармау керек екенін тілге тиек етті.

«Сыртындағы сақтауға мүмкін болған элементтерін қайта жабыстыру – «элементтерін сақтау әдісі» деп аталады. Бұл кітаптың алғашқы кейпін барынша сақтау, сыртындағы ақпараттарды жоғалтып алмау мақсатында жасалады. Парақтары зақымдануына байланысты бірнеше операцияларды қажет етуі мүмкін. Мысалы, түбі темір тоғынмен бекітілсе, уақыт өте келе ол шіріп, парақтарға да зиянын келтіреді. Оларды тазалап тастап, орнын жапон қағазымен бекітіп, жіппен тігіледі. Парақтар сарғайып, сына бастаған жағдайда оларды жуып, қатайтатын құраммен өндеген дұрыс. Парақтарының жартысы жетіспеуі, шеттері қайырылып қалған болуы, форзац ауыстыруды қажет етуі мүмкін, осының барлығы – біздің қызметкерлердің күнделікті атқаратын жұмысы. Қалпына келтіруші маман кітаптың әрбір парағына мұқият көңіл

КІТАП ДӘРІГЕРІ



бөліп, көне жәдігерлерді сақтау жұмысына атсалысады. Бұл – өте қызықты және шыдамдылықты талап ететін аса жауапты іс. Қалпына келтірудегі классикалық әдістер болғанымен, әр кітап зақымдалғанына байланысты өзіне ғана сай тиісті

тәсілдермен қалпына келтіріледі. Құнды мұрамызды сирек кітаптармен қолжазбаларды тек қолмен қалпына келтіреміз, оларды қалпына келтіріп жатқанда ешқандай үлкен құрал-жабдық қолданбаймыз», – деді ол.

Аида Шоманованың айтуынша, қазір атқарылып жатқан жұмыстар көп болғанымен, мүмкіндік аз, материалдық техникалық база жоқтың қасы. Егер кітаптарды «емдемес» бұрын зерттеу жүргізу керек болса, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, зерттеу орталықтарына барып ескірген еңбектерге диагноз қойылады. Кітаптарды қалпына келтіру үшін қолданылатын қағаздың бірнеше түрі бар. Соның ішінде жапондық жібек пен мақта талшықты микалентті қағаз ең берік түрі болып табылады. Ол жұқа, серпімді, жоғары механикалық беріктікке ие.

Кітапты емдеу үшін микробиолог, химик, реставратор, түптеуші мамандары жұмыс істейді. Консервация, қалпына келтіру және түптеу қызметінде 10 қызметкер бар. Бір кітапты қалпына келтіру жұмыстары зақымдануына байланысты айлап жүргізіледі. Жоспар бойынша, Ұлттық кітапханаға жалпы қордан және сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан жылына 3 мыңға жуық құжаттар келіп түседі. Оның ішінде жалғыз данадағы кітаптар, сұранысқа жоғары кітаптар, сирек кітаптар мен қолжазбалар, ноталар, үлкен форматтағы құжаттар карталар және газеттер бар.

Жыртылған кітаптарды зерттеудің алдында оларды қалпына келтіру және сақтау бөліміне тапсырады. Алдымен зақымдалған олжалар азотпен толтырылған арнайы вакуумдық пакеттерге салынады. Бұл зерттеу нысандарын жәндіктер мен басқа да тіндерді дезинфекциялау үшін жасалады. Әрі қарай басылымдар вакуумдық үстелге жіберіледі, онда беттерді шаң мен микроорганизмдердің қалдықтарынан тазарту процесі жүреді. Күрделі ластаушы заттар тазартылған сумен жуу кезінде жойылады. Парақтар күні бойы сүзгі қағазға кептіріледі. Содан кейін жетіспейтін бөліктер құжаттарға жабыстырылады. Мамандардың айтуынша, қалпына келтіру тізбегіндегі бұл кезең ең қиын және ұзақ мерзімді талап етеді.

Сирек қорда 40 мыңға жуық құжат бар. Олар – күріш, папирус қағазында жазылған, толығымен терімен қапталған, мұқабасы ағаштан жасалған түрлі кітаптар. Ұлттық кітапхананың Консервация, қалпына келтіру және түптеу қызметкері Нұрәулет Ескендір бұл ретте шетел мамандарымен тәжірибе алмасатынын айтты.

«Қазір «кітап дәрігері» атанған мамандар Иран, Түркия және ТМД елдерімен тәжірибе алмасып жүр. Жыл сайын Мәскеу қаласындағы мамандармен шеберлік сабақтары ұйымдастырылып отырады. Бұл біздің құнды деп табылатын көнекөз еңбектерімізді сақтап қалуға, тарихымызды ұрпаққа сол қалпында жеткізуге оң ықпалын тигізеді. Шыны керек, кітапты емдеу ісі туралы көп адам біле бермейді. Десе де, қазір әлеуметтік желілерде, мерзімді басылым беттерінде насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр», – деді ол.

Қалпына келтіруші – білімін үздіксіз жетілдіріп отыруды қажет ететін мамандық. Өйткені ғылым мен техниканың дамуы да көз ілеспейтін шапшаңдықпен алға жылжып барады. Күн санап сан түрлі қалпына келтіруге арналған құрал-жабдықтар, желімнің түрлері, қағаз үлгілері мен амал тәсілдер жаңартылуда. «Кітап дәрігерлерінің» де еңбегі нәтижесінде талай тарихи құжаттың, мәдени құндылықтарымыздың болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жетері сөзсіз.

Тараз – тарихымыздың темірқазығы. Бұл шайырлар мекені саналған шаһарға берілген әділ баға. Екі мың жылдық тарихын қойнауында бүгін жатқан қала ғасырлар толғауындағы талай құнды жәдігерлерімен де әмбеге аян. Алайда осы құндылықтарымызды өз деңгейінде қорғай алып жүрміз бе? Тарихи орындардың бірі аңқұстың панасына, енді бірі шаруалардың қорасына айналып кеткен жоқ па?

Жалпы, Ұлы Жібек жолы бойындағы Тараз шаһарының өткенін айтқанда алдымызға жан салмаймыз. Екі мың жылдық тарихты ақтарып, есте жоқ ескі заманнан сыр шерткен көне қалашықтарымызбен мақтана кеуде соғамыз. Алайда олардың туристік кластері туралы сөз қозғасақ тіл тістейміз. Еуропа елдерінде осы тарихи орындарды жекеменшікке беріп, оның қорғалуы мен дамуы биік деңгейге жеткенін көз көріп жүр. Осы жүйені біздің елде де қолданысқа енгізуге не кедергі? Салаға инвесторлар тарту арқылы тарихты жаңғыртып, шағын және орта кәсіпкерлікті де дамытуға болмай ма? Санаға салмақ салған сауалмен жауапты мамандарға қайырылған едік...

– Еліміздің заңы бойынша тарихи-мәдени ескерткіштер мемлекеттік те, жекеменшікке де бола алады. Жергілікті маңызы бар тарихи орындарды облыстық әкімдік, ал республикалық маңызы бар нысандарды Мәдениет және ақпарат министрлігі жалға бере алады. Алайда осы таңға дейін кәсіпкерлер тарапынан ескерткіштерді жалға алуға, насихаттауға, оны туристік нысанға айналдыру бойынша бірде-бір ұсыныс түскен жоқ. Оған себеп тарихи орындарды жалға алу құны өте қымбат. Бір жылдары біз Тараз қаласындағы «Төрткүл» керуен сарайын жекеменшікке беру туралы жұмыстарды қолға алғанбыз. Алайда еліміздің мүлік туралы заңы бойынша «Төрткүл» керуен сарайының небәрі бір жылдық жалға алу төлемі 2-3 мил-



ҚҰМ АСТЫНДА

қалған қала

кіштердің барлығын жекеменшікке немесе уақытша пайдалануға беру бойынша жұмыс жүргізу міндетін жергілікті атқарушы органға артайын деп отыр. Яғни, жалға беру мәселесін өзіміз жергілікті жерде қарастырамыз. Жалға беру құнын да өзіміз белгілеуге мүмкіндік аламыз. Мәселенің біржақты шешімі қазір осы заңға байланысты болып отыр, – дейді облыстық «Тарихи-мәдени онындарды қорғау және қалпына келтіру дирекциясының» директоры Қуаныш Дәурембеков.

Иә, тарихи орындардың жекеменшікке беру мәселесі жаңа заңға байланып тұр екен. Егер өзгерістер оңтайлы құшына енсе, жалға алу құны айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Ал бұл бизнесмендерді тартуы ықтимал. Бұл ретте өңірдегі тарихи нысандардың жерге орналастыру құжаттары әлі күнге толықтай реттелмегенін айтпай кетуге болмайды. Облыс-

мұралар ата-бабаларымыздан келе жатқан аманат, санғасырлық құндылық болып есептеледі.

Қазір бізге осы мұраларымызды әлемдік деңгейде насихаттау мәселесін қолға алуымыз керек. Алайда өкініштісі, кейбір тарихи орындарымыз әлем тұрмақ, республикалық деңгейде танылып, қорғалып отырған жоқ.

Туризмді дамыту үшін осы көне кешендеріміздің тарихын әлем тілдеріне аудару қажет. Жергілікті билік өкілдері өз аудандарындағы нысандарға көңіл бөлуі керек. Инфрақұрылымын дамытуға тиіс. Бірақ өңірде саусақпен санарлық нысандар ғана әлемдік стандарттарға сәйкестендірілген. Олар – Айшабиби мен Бабаджа хатун, Қарахан сәнесі, Ақыртас сарай кешені. Ал өңірлік туризмді дамытуға негізделген алпыстан астам тарихи-мәдени ескерткішіміздің жағдайы мез емес. Қарапайым жол, санитарлық талап, ауысу, жарық сынды мәселелері шешілмеген. Ең бірінші туристерге жағдай жасалуы керек. Қалада қонақүй, мейрамханалар бар, бірақ олармен туристерді қызықтыра алмаймыз. Қонақтарды нысандардың тарихи қызықтырады. Біз соны өз деңгейінде жеткізе білуіміз қажет. Бірақ бұл жұмыстар кенжелеп тұр. Кейбір мәдени нысандарымыз қасақана бұзылу

үстінде. Енді біркатары кеңестік дәуір кезінде әртүрлі шаруашылық жұмыс барысында қираған. Сонымен қатар кейбірі апаттық жағдайда, табиғи факторлардың әсерінен бұзылғандары да бар. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін ең әуелі тарихи нысандарға жауапты мамандардың құзыреттілігін арттыру керек. Сонда жауапкершілік те, тәртіп те болады, – дейді Сауран Қалиұлы.

Өлкетанушы Қазақ хандығының 550 жылдығы тұсында ашылған ашық аспан астындағы музейдің де келешегіне алаңдаулы. Оның сөзіне сүйенсек, мұндай тарихи орындарды талапқа сай сақтай алмасак, қыруар қаражат шығындап қазба жұмыстарын жүргізудің де қажеті жоқ екен.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атыраудағы Ұлттық құрылтайда тарихи нысандарға байланысты: «Біз таңбалы тастар мекені ретінде әлемге танылғанбыз», – деген болатын. Оған дәлел бола алатындай нысандарымыз көп. Мемлекет басшысы өз сөзінде атап өткен Құлжабасы біздің облысымызға тән тарихи-мәдени нысан. Мұнда ерте заманнан қазірге дейінгі таңбалар сақталған. Қазір осы құнды жәдігеріміздің қорғалу деңгейі өте төмен. Бұдан бөлек, қазба жұ-

мыстары басталып, алайда аяқсыз қалған тарихи орындарымыз да аз емес. Оған дәлел ретінде «Ежелгі Тараз» археологиялық ашық аспан астындағы музейін айтуға болады. «Ежелгі Тараздағы» археологиялық қазба жұмыстары жоспарға сай жүргізілгенімен, оны қайта қалпына келтіру, бекіту, яғни консервациялау жұмыстары жүргізілген жоқ. Нәтижесінде, тарихи нысандарымыз бұзылу қаупінің алдында тұр. Кезінде осыған мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлінді. Өкінішке қарай, қазір сол кездегі табылған жәдігерлерді сақтай алмай, нәтижесі сын көтермей тұр. Қазба жұмыстары басталған кезде ежелгі қаланың бірнеше мәдени қабаты ашылған болатын. Әсіресе, Қарахан дәуірі, оның алдындағы VI-IX ғасырлардағы Батыс Түрік қағанатының астанасы болып тұрған кездегі құрылыс нысандары топырақтан аршылған. Алайда сол ежелгі құрылыс нысандарын өз деңгейінде қорғай алмай, жауын-шашынның астында қалып барады. Бір сөзбен айтқанда, жәдігерлерді қолдан жоюға жол беріп отырмыз. Дәл осылай жалғаса беретін бол-

са, онда қазба жұмыстарын жүргізудің де қажеті жоқ деп есептеймін. Себебі мұндай кешендер бүгінгі ғана емес, келер ұрпаққа да мұра болып қалуы керек.

Облыста ортағасырлық Бектөбе, Тамды, Саудақент, Меркі, Құлан, Аспара, Баласағұн, Қордай сынды көне қалашықтар қазір археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарына мұқтаж. Шамамыз жеткенше осы қалашықтарда кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, оларды қайта қалпына келтіріп, өңірлік туризмге үлес қосатын нысандарға айналдыруымыз керек, – дейді археолог.

Иә, Мемлекет басшысының өзі баса айтқан тарихи орындардың осындай мүшкіл күйде тұрғаны жаңға батады. Дамыған Еуропа елдері жоқтан бар жасап жатқанда біз қолда тұрғанды ұқсатып, туризмнің түтінін тік ұшыра алмай отырмыз. Кейбір құнды жәдігерлеріміз жайылым жерде орналасып, мал тұяғының астында қалып кетіп жатқаны да жасырын емес. Бір ғана Жуалы ауданындағы Барқуаб қаласын мысалға алсақ, қазір қала қайта құм астында қалу алдында тұр. Еуропа елдері етек-жеңін жия алмай жатқан тұста екіқабатты үйде тұрып, көріз жүйесін іске қосқан Барқуаб қаласы толыққанды зерттеуді қажет ететіндігін байырдан дәлелдеп қойған. Алайда бұл мандағы археологиялық қазба жұмыстары аяқсыз қалып отыр. Ішке құйылған жауын-шашын салдарынан қаланың қабырғалары қайта опырылып, үлкен үйіндіге айналуы да бек мүмкін. Бірақ мұны ойлап, жаны ашып жатқан бір пенде жоқ. Егер біз барымызды бағалай алмасак, болашағымызды бағдарлай алмайтынымыз анық. Сондықтан тарихи орындарды қорғауға алуды жеке кәсіпкерлерге де берген жөн шығар. Өйткені не өзімізге, не өзгеге қимағаннан өніп жатқан тірлік шамалы екенін көз көруде. Осы мәселе министрлік мінберінде оңтайлы шешіледі деген үміт мол.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы



лион тенгеге шығып кетті. Бұл тек жалға алу төлемі ғана. Одан бөлек, коммуналдық қызмет, жұмысшылардың жалақысы, жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда осындай төлем шығып отыр. Осыған байланысты жекеменшікке ешкім алғысы келмейді. Кәсіпкерлер одан табыс таппайтынын біледі. Дегенмен қазір Парламентте Тарихи мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңы қайта қаралып жатыр. Аталған заңға өзгеріс енгізу бойынша біздің мекеме сол жұмысшы топтың құрамына енген болатын. Заң күшіне енсе, Мәдениет және ақпарат министрлігі тарихи-мәдени ескерт-

тағы 3 448 тарихи-мәдени ескерткіштің әлі жартысының құжаты жоқ. Жаңа заң жүйесі осы олқылықтың да орнын толтыруға сеп болар ма еді?

Негізі, инвестиция құйылған жерде жауапкершілік те, қадағалау да күшейетіні белгілі. Салынған қаржысының есебін шығару үшін кәсіпкер де барын салатыны анық. Алайда археолог, тарихшы, өлкетанушы Сауран Қалиев тарихи нысандарды жалға беруге түбегейлі қарсы. Маман бұл құндылықтарымызды талан-таражға салумен бірдей деп есептейді.

– Өз басым тарихи-мәдени нысандарды жалға беруге үзілді-кесілді қарсымын. Себебі бұл



Қуырылған сарышаянның дәмі қандай болады? Қытайлық әжелер неге таңғы сағат 6-да билеуге құмар? «Чихо» дегеніміз кімдер? Аспанақты еліне әлі жолыңыз түспесе, бұл жазбам сіздің кәдеңізге жарасын онда. Қытайды расында әлем ішіндегі бөлек әлем болып тіршілік кешіп жатқан таңғажайып мемлекет деп тануға болады екен.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

НАҒЫЗ «ИЛЕУ» – ҚЫТАЙДА
Таяуда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдердің бір топ журналисі Аспанақты елінде өткен семинарға барып қайттық. Көрші елге табанымыз тиген сәтте-ақ көзімізге ең алғаш шалынғаны – мұнда скутер тізгіндегендер көп, жай ғана көп емес, ө-ө-ө-өте көп! Себебі түп-түсінікті: арзан, жылдам, экологияға зиянсыз әрі қолайлы. Стандарт скутерді 1-2 мың юаньға (60-100 мың теңге) сатып алуға болады. Көшеде скутерлер мен велосипедтерге арналған жолақ қашан көрсен де лық толы. Рөлде әйелдер де, егде кісілер де, жасөспірімдер де, қымбат костюм киген ерлер де бар, енді бірі отбасын түгелімен осы екі доңғалақты көлікке қондырып алған. Қарсыдан сокқан жел рөлді ұстаған қолын қарып тастамас үшін скутеріне «күрте» кигізіп қойғандар да жетерлік. Қолың да, кеуден де күртенің ішінде тұрады, рахат! Покемонның, қоянның, мысықтың суреті бар «күрте киген» скутерлер бір жағынан қаланың сәнін де ашады.

Бірден назарыңды аударатын тағы бір көрініс – үсті-үстіне жыпырлай салынған көпқабатты үйлердің көптігі. Әдетте Астанада біздің жақтырмай «құмырсқаның илеуі» дейтін үйлеріміз ешқандай да илеу емесіне Қытайға барғанда көзіміз жетті. Терезелері сығылыса орналасқан 40-50 қабаттық үйлердің ішінде шамамен қанша пәтер барын елестетудің өзі қорқыныштылау. Қытайда 18-19 шаршы метрлік пәтерлер – ең өтімді нұсқа. 37-40 шаршы метр бұл нарықта кең пәтер болып есептеледі. Жер үнемдеу үшін көбіне ванна емес, душ орнатады. Ал әйелдік асүйді мүлдем армандамай-ақ қойыңыз, мұнда ас бөлмесіне көп дегенде 5 шаршы метрді ғана бөледі, онда да терезесі болса қуана беріңіз, кей пәтерлерде тамақ пісіретін пеш қана сыятын қаранғы қуыс асүй ретінде қарастырылады.

САРЫШАЯН – ДӘМДІ ДЕЛИКАТЕС

Тамақ демекші, Қытайға барған туристер жауабын білуге ұмтылатын сұрақтың бірі – «Олар шынымен сарышаянмен қоректенеміз бе?». Қытайлардың күнделікті асы-қоныз, жылан мен бақа-шаян дейтін аңыздар ешқандай да ақиқат болмай шықты. Оларды мұнда мейрамханалар мен түнгі базарларда көбіне деликатес түрінде ұсынады. Жеуге арналған жәндіктерді –

Әлем Ішіндегі Әлем



жібек құрты, шегіртке, сарышаян, бамбук құрттары, қырықаяқтарды арнайы фермаларда өсіреді.

Әріптесім екеуіміз Бейжіндегі Қиянмен базарына осы атышулы ас-ауқаттың дәмін көру үшін арнайылап бардық. Ығы-жығы адамдардың арасымен қысылып-қымтырылып жүріп, қуырылған жәндіктер сататын орынды да таптық. Әлгі жерде көзден гөрі бүкіл ақпаратты мұрын жеткізіп қойды: өмірімізде құртты қуырғанда қандай иіс шығатынын сезіп көрмеген танауымыз тосын иістердің мұншалықты көптігіне біразға дейін үйрене алмады. Құдды бір сәл қаттырақ тыныстап қойсаң, әнеу бір табада шығарылып жатқан шегіртке ұшып келіп, деміңмен бірге мұрнына кіріп кететіндей. «Сақтықта қорлық жоқ» деп тұшшанып алдық.

Жаңа орынға көзіміз де, мұрнымыз да үйренген соң жайлап бағасын сұрауға көштік. Қуырылған ара дернәсілдерінің 150 грамы 90 юань (шамамен 6 000 теңге) тұрады екен. Сатушы жігіттің айтуынша, дәмі балға қуырылған кедр жаңғағына ұқсайды. Ал өрмекші мен сарышаянның қауаптары 25-35 юаньға сатылып жатыр, біздіңше 1 500-2 000 теңге. Араның дәмін татуға бармаған батылдық сарышаянға келгенде қайдан табылсын?! Тағы да сатушы жігіттен сұрадық. «Қытырлақ болып піскен сарышаяндар түп-тура



шешішке сияқты», – деді ол да көп ойланбай. Шамасы, біз сияқты туристерге түсіндірем деп теңеулерді қатырып тұрып үйреніп алса керек.

Табаның жанындағы шыны қорапта құжынаған сарышаян өзінің талқаны таусылған сәтін күтіп жүр. Айтпақшы, оларды қуырарда уын алмайды, өйткені жоғары температураның әсерінен уы өз қасиетін жоғалтады екен.

Жалпы, Қытайдағы әр қалада, тіпті кіп-кішкентай ауылдың өзінде өзінің төл ауқаты бар. Мұнда нағыз тамақ культі қалыптасқан. Тамақтануды жақсы көретіндерді «чихо» деп атайды, олар жаңа тағамның дәмін көру үшін ел ішінде сапарлап жүреді.

ҮЙ ЖАНУАРЫН ОНЛАЙН ДА БАҒУҒА БОЛАДЫ

Қытайлар көбіне үйінде тамақ әзірлегеннен гөрі, дайын тамаққа мобилды қосымшалар арқылы тапсырыс бергенді құп көреді. Мұнда онлайн шопинг бен жеткі-

зу қызметі мықты дамығаны сонша, карантин кезінде тамақты арнайы роботтар үйді-үйге жеткізіпті.

Жанымыздағы аудармашы қыз Южинь Лидін айтуынша, интернет-саудада адаммен қарым-қатынас болмайды деп қауіптену Қытайда орынсыз. Мәселен, жергілікті танымал саудагерлердің бірі Лян Цяньцзюань жаңағын видеотрансляция арқылы жарнамалап сатады. Бүкіл округтен жиналған тау-тау жаңғақтың жанында оты-



рып ол оның дәмін айтады, көрерменнің жаңғақ қабығының түсі, ядросындағы майлары туралы сұрақтарына сабырмен жауап береді, сондай-ақ жаңғақты қанша көлемде жеу пайдалы екенін, қайда сақтау қажет екенін баяндайды, көтерме сауда жасайтындарға жеңілдіктерін ұсынады. Күн сайын оған жүздеген, кейде тіпті мың шақты тапсырыс түседі. Жаңғақ салынған пакеттерді таңертең жүк көліктерімен поштаға, ал бір тәулік ішінде тұтынушылардың үйіне жеткізеді.

Қытайдағы интернет қолданушылардың 65 пайызы желідегі тікелей

дүкендегі қаптамасымен ғана көргендіктен, жаңағыдай трансляцияларға юаньдарын шашуға аямайды. Халықтың бір кездері ауылда тұрып, кейін қалаға көшіп келген енді бір бөлігі ауыл өнімін сағынғандықтан аграрияны осындай әдіспен қолдауға тырысады.

БИШІ ӘЖЕЛЕР ҚАРТТЫҚҚА БЕРІЛМЕЙДІ

«Жақсы тамақтан, жылы киін – сонда ұзақ жасайсың» дейді

қытай мақалы. Жалпы, жергілікті халықтың саулыққа баса мән беретіні күнделікті өмір салтынан-ақ көрініп тұр: мұндағы қарт кісілер теледидар алдында уақытын өткізбейді. Оларды көбіне саябақтарда, ашық алаңқайларда кездестіресің. Таң ата салысымен, сағат алтылар шамасында саябақтардың әр бұрышында топ-топ әже флешмоб жасап, көңілді музыкаға би билейді. 79 жастағы Сян Сюй есімді әжей аптасына екі рет құрбыларымен бірге Бейжін саябағында жиналады. Оның айтуынша, би – тегін дәрі. Биші әжейлер кешке күн ұясына батқаннан кейін де ашық алаңқайларда белсене жаттығып жүреді.

Бізді тағы бір таңғалдырғаны – қытай халқы да ерте тұрған адамның бір ырысы артық боларына сенеді. Әдетте біздің елде таңғы 8-де ашық тұрған кафе таппай қиналсаң, бұл жақтағы дүкендер мен дәмханалар есігін 6-да айқара ашады. Көшеде де бұл уақытта көліктер қозғалысы жанданып, қарбалас басталып кетеді. Ерте тұрып, тіршіліктің зырылдауық доңғалағына күн шықпай тұрып жабысып үлгермесең, 1 жарым миллиардтың ішінде жұтылып кетерін әр қытай кішкентайынан ұғып өсетіндей.

Қытай бізге өзге әлемге ұқсайтын өз алдына бөлек әлем секілді көрінді. Олар басқалардың дүниесіне де мұқтаж емес: өздерінің ұлттық асын жейді, өз елінің ішінде қыдырады, өз музыкасын тыңдайды, өз фильмдерін көреді, интернетте де тек қытай сайттарын пайдаланады, шет тілдерін онша білмейді. Тек әр тұста менмұнда далаған «Макдональдс» қана Қытайды жаһанмен болар-болмас байланыстырып тұрған сияқты. Өзін-өзі қай тұрғыдан да толық қамтамасыз еткен адам ғана емес, мемлекет те сыртқа сыйлы болары рас екен ғой.

Астана – Бейжің – Астана

«МГК авиашолғындау» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «МГК авиашолғындау» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуг «Авиатрулирование МГ»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Авиатрулирование МГ» – несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Өрттен қорғау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Өрттен қорғау» қызметтерін сатып алудың №1-ден №12-ге дейін лоттары бойынша, «FIRE SAFETY» ЖШС: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 31/2 ғимарат, № 31, 010000, БСН 110740012239 жеңімпаз болып табылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуги «Противопожарная охрана»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуги «Противопожарная охрана» по лотам с №1 по №12 тендерную заявку ТОО «FIRE SAFETY»: г. Астана, район Сарыарқа, проспект Сарыарқа, дом 31/2, н.п.31, 010000, БИН 110740012239.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Қазақ поэзиясы бағзыдан қалыптасып үлгерген, дәуірлер мен ғасырлар өтінде қарыштап дами түскен құдіретті де өміршең поэзия екеніне ешкімнің дауы жоқ. Ілкіде тасқа қашалған таңбалардың өзі – інжу-маржандай көркем дүниелер қазақ поэзиясының қайнар бастауы.

Халық ауыз әдебиетіндегі, оның ішіндегі батырлар жырындағы өлең үлгілері де қазақ поэзиясының көтерілген зеңгір биігі. Қанша заман өтсе де заңғарынан түспейтін батырлар жырында заманауи әдебиеттің жаңа талаптарына, түрлі әдеби ағымның категорияларына жауап бере алатын көркемдік бар.

Заман өтіп, ғасырлар ауысқан сайын әдебиетте өзгеріп отыратыны, өлең мазмұны мен формасының жаңа сипатта көрініс беретіні заңды құбылыс. Қазақ поэзияның динамикалық даму кезеңінде айрықша орын алатын дәуір, ол – жыраулар дәуірі. Жыраулар жырындағы ой еркіндігі, тіл еркіндігі тиісінше жыр формасын да құлаштап, кеңінен көсілетін еркін формаға айналдырды. Жыраулар поэзиясынан заманауи әдебиеттегі түрлі ағымның элементтерін де байқауға болады. Ал зар заман өкілдерінің сентименталистік көрінісі қазақ поэзиясын тағы бір сатыға көтерді. Сыншыл реализмді әкелген Абай жырлары қазақ өлеңіне үлкен революция жасады. Абайдан кейінгі заманда да поэзия үлкен өзгеріске ұшырап, Батыс әдебиетіндегі әдебиет үлгілері қазақ топырағына да жетіп, батыстық ағымдар көрініс бере бастады. Әсіресе, Мағжан әкелген символизм, Сәкен Сейфуллин қаламынан құлаштап туған сом дүниелер ұлттық болмыстағы айшықты ойларды жаңа сипатта дамыта түсті.

– Күндей көркің көңілге медеу бекем,
Сыр сандығын сезімнің бебеулетем.
Сұңқар дейді Сәкенді самғайтуғын,
Сұңқар деген Сәкенге теңеу ме екен?!
Ақбоз атты құлатқан жала-керме,



Сыңғыр сөздің СҮЛВІЙІ

Магаданға мола іздеп бара берме!

Сәкен деген – халқымның рухы ғой,

Рухтарды көмбейді қара жерге.

Аққулардың арман бар ұясында,

Ор, Абаның зарлы ән бар қиясында.

Маңдайына сыймап ең алты Алаштың –

Алты шумақ өлеңге сыясың ба?! – деп ақын Ғалым Жайлыбай Сәкен рухына өлеңмен күмбез қояды. Осы өлең жолдарындағы Сәкен ақынның өр болмысы, тар жол, тайғақ кешудегі алмағайып тағдыры «Сыр сандықтың» түбінде жатқан естелік парағы іспетті.

Сәкен Сейфуллин – жаңа дәуірді ерекше жырлаған жанашыл ақын. Қазақ әдебиетіне бұрын болмаған образдар мен теңеулер, сөз оралымдарын әкелген шы-

ғармашылығымен жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін салушы болды. Өкіметтің мақтаушы ұраншысына айналмай, қоғамдық өмірдің көлеңке жақтарын да күйзеле суреттеді. «Ауыл байғұс, мінеки», «Келіншек ойы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық», тағы басқа тамаша жырлары мен «Аққудың айырылуы» атты символикалық көркем поэмасы – сол кезеңнің шынайы көркем туындылары.

«Көк торғын, Көкшетауды мұнар басқан.

Кербез тау көкке бойлап бұлттан асқан.

«Оқжетпес» етегінде бейне найза

Адамзат жасағандай құйған тастан.

*Тау бүркіт, көк қаршыға көкте қалқып,
Шарықтап шыңында ойнап шаңқылдасқан.*

*Қызықты Көкшетаудың ертегісі,
Сілекей ағызады сырлы дастан»* (Окжетпес, Бурабай, Жұмбақтас).

Ақын поэзиясында сөздер сөйлейді. Жаратылысына сай мінез танытады. Болмысына біткен бояуы, табиғатына тән үні де бар. Қас ақынның құдіреттілігі – сөздер сазынан симфония ойната алуында. Ұлы ақынның жасампаздығы – сөздер бояуынан тылсым картиналар тудыруға қабілеттілігінде. Ал сөздердің мінезін тани алу, түрлі мінезді бір-бірімен үйлестіре білу, өлген сөзді тірілту шын шебердің ғана қолынан келеді.

Шанырақ артсаң – шақпайтын, кебеже артсаң – сындырмайтын, тең артсаң – түсірмейтін, алтын артсаң да ауырсынбайтын қазақтың нағыз атан жілік азаматына, ақынына айналды. Оның шығармашылық көзқарасы эстетикалық сипат алып, этикалық шеңбердің аясында болды. Қоғамның қасіреті мен қайғысын ақ қағазға төгіп, оқырманының жанын түсінді, көңіліне медеу болды. Шығармашылығының қай кезеңдерін алып қарасақ та, жазушылық шеберліктің айқын екені аңғарылады.

Сәкен Сейфуллин – тұлғалы қайраткер, өмірдің қалтарыстары мен бұлттары ақындық жүрегімен сезініп, азаматтық көзқарасымен қабылдады. Ұлт әдебиетіндегі ұлттық иіріммен, ұлттық поэзиямен тыныстады. Әдебиет кеңістігінде қаламын құлаштап сермеп, жазушылық кредосын қалыптастырды. Қалың оқырманның ықыласына бөленуі де тегіннен-тегін емес. Себебі оның әлеуеті мен шеберлігі айқын көзге ұрып тұратын. Қазақ әдебиетінің алуан жанрында қалтықсыз қызмет еткені де жылдар салып мінбеге көтерілді. Жас буынның қадірлі аға-ұстазына айналды.

Ұлтымыздың өшпес алауы, сөнбес шырағындай болған Сәкен Сейфуллиннің ғұмырнаамалық дастаны – тарихтың таңбалы тастарында күмбірлеп тұрары сөзсіз.

Азамат СЕРІКҰЛЫ,
Сәкен Сейфуллин музейінің ғылыми қызметкері

ШЫМКЕНТТЕ АССАМБЛЕЯНЫҢ V СЕССИЯСЫ ӨТТІ



Шымкент қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тірегіміз – Тәуелсіздік, байлығымыз – бірлік, мақсатымыз – өрлеу» атты V сессиясы өтті. Жиынға ҚХА Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, қала әкімі Фабит Сыздықбеков, қалалық ҚХА мүшелері, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Тәуелсіздік жылдары еліміздегі сан алуан этнос өкілдері бір шаңырақ астына топтасып, ырысты ынтымақ жолын таңдады. Азаматтардың ұлтына, тіліне, түріне қарап бөлінуіне жол берілмей, жүйелі жүргізілген мемлекеттік саясаттың арқасында қоғамдық келісім еліміздің басты тұғырына айналды. Қала әкімі өз сөзінде қоғамда тұрақтылық пен этносаралық татулықты

сақтаудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына тоқталды.

«Қалалық Ассамблея алдында сан қырлы міндеттер тұр. Ол қоғамдағы этносаралық татулықты, өзара сыйластық пен түсіністікті қалыптастыру, ұлтына, дініне қарай ерекшеленуге, окшаулануға жол бермеу, игі істерге атсалысу және тағы басқа міндеттерді атқарып келеді. Жасыратыны жоқ, қоғамда Ассамблеяға

қатысты түрлі пікір де айтылып жүр. Баршаныңға белгілі, Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел бірлігін нығайтуға қызмет ететін бірегей институт ретінде елімізде өмір сүріп жатқан барша этносты бір арнаға ұйыстырып отыр. Ассамблея жүргізіп отырған мемлекеттік этносаясаттың нәтижесінде қоғамда тұрақтылық пен этносаралық татулық берік орныққан», – деді қала әкімі.

Шымкенттіктер тасқын судан зардап шеккен өңірлерге қол ұшын созуда да белсенділік танытты. Игі іске Ассамблея белсенділері де үлес қосты.

Сессияның күн тәртібі бойынша бірнеше азамат жарыссөзге шықты, сондай-ақ бірқатар белсенді мүшесі Қазақстан халқы Ассамблеясының наградаларымен марапатталды.

Бүгінде қалада 17 этномәдени бірлестік пен ҚХА жанындағы 7 құрылым жұмыс істейді. Жалпы-ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясат аясында жұмыс істейтін белсенділердің әлеуеті қоғамдық келісімді сақтау, қазақстандық патриотизмді дәріптеу бағытындағы жобаларға жұмылдырылған.

Н. НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ТӘРТІП БҰЗҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ ӨСЕДІ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Марат Бәшімов «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділерімен және студенттермен кездесіп, Мәжілістің бірінші оқылымында мақұлданған вандализм үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша заң жобасына қатысты сұрақтарға жауап берді.

«Біздің мақсатымыз – заңды жүзеге асырып, заң бұзушыларды жауапкершілікке тартып қана қоймай, қоғамды тәртіпке шақыру. Ол үшін біз ең алдымен айыппұл сомасын өсіруді ұсынып отырмыз. Мәселен, қоғамдық орындарда немесе саябақта коқыс тастағаны үшін заң бұзушыға 5 АЕК айыппұл тағайындалады. Депутаттар бұл соманы 20 АЕК-ке дейін арттыруды ұсынып отыр. Сонымен қатар мүлікке зиян келтіргеніне байланысты ұсақ бұзақылық үшін әртүрлі мөлшердегі айыппұлдарды көздейтін түзетулер енгізілуде. Материалдық шығынға алып келетін ұсақ бұзақылық фактілеріне қатысты 20 АЕК айыппұлды 50 АЕК-ке дейін өсіру немесе 20 тәулікке дейін қамауға алу ұсынылды», – деді Марат Бәшімов.

Еске сала кетейік, Мәжілістің жалпы отырысы барысында депутаттар «Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң аясында вандализм үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша бірқатар түзету қабылдады. Құжатты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері әзірлеген.

БИШАРА



Біздің ауылда көшеде көлденең жатқан сынық тебен тапса үйіне тышқаншылап таси беретін Бодық деген кісі болды. Осы дүниеқоңыздығынан ба, өзі шіріген бай еді. Ол кезде қазіргідей базарларда толып тұратын қосалқы бөлшектер жоқ, автокөлігінің о жер, бұл жері бұзылған жүргізушілер керектілерінің кейбірін осы үйден оңай табатын. Үнемі аузынан «жоқ» дейтұғын жексұрын сөз шығатыны болмаса, жалпы Бодықтың қодықтығы жоқ, жуас адам. Үйіне қарай біреудің томпаңдап келе жатқанын сезгеннен кірпішемендей жиырылып қалатыны болмаса, оның бұдан бөтен басбұзарлығы тағы жоқ. Кеңшар механизаторларының бағына қарай Бодықтың «құдығынан» талай шопыр керектілерін қиналмай тапты. Осы «қойма» ағатайымыздың даңқын аспанға шығарды. Кейбіреулердің оны зияны тимесе де атарға оғы болмай жүрді. Солардың «оғы» тиді ме, әлде тағдырдың шоғы тиді ме, кім білсін, күндердің бір күнінде Бодық көкеміз соқаға жегілген бұқадай болдырып, ешкіммен қоштаспастан о дүниеге жөнep кетті.

— Артының қайырын берсін! — дедік те қойдық.

Жуырда лауазымды мемлекеттік қызметкерлері жыл бойғы табыстары, жылжымайтын мүліктері, көліктері туралы мәлімет тапсыратын болды. Жатқан жерің жайлы болғыр Бодықтан да өтіп кеткен құдықтар қарауылы жоқ жоңышқалыққа түсіп, жасыл шөпті жайпап жүрген есектердей көп екен ғой. Солардың бірі Дүлей еді. Декларация тапсырып шыққан Дүлейді журналистер кеңсе алдында қашаған қошқарды қаумалап жүріп қораға зорға кіргізгендей әрең дегенде ортаға алды.

— Дүлей Сүлейұлы, баспанаңыздың жоғы рас па?

- Рас.
- Жер телімі ше?
- Жоқ.
- Автокөлігіңіз ше?

— Болса бұйырмасын.
— Жеке есепшотыңызда қанша қаржыңыз бар?

- Соқыр тиын да жоқ.
- Астанада пәтеріңіз бар ма?
- Жоқ.
- Жылжымайтын қандай мүліктеріңіз бар?

— Ешқандай да.
— Жылдық табысыңыз қанша соманы құрайды?

— Бір-екі миллион теңге болып қалады.

- Сонда айлық жалақыңыз қанша?
- Аз.
- Нақтырағы?
- Бес жүз мыңдай болып қалады.

— Япыр-ай, сіз жаңа ғана жылдық жалақым бір-екі миллион теңге болып қалады дедіңіз. Ай сайын бес жүз мың теңге алсаңыз, жоғарыда айтқан соманы бар-жоғы екі немесе төрт айда табасыз ғой.

— Соны кім санапты? Мен негізі есеп жағына шорқақ адаммын.

— Сонда үлкен бір мекемеге қалай бастық болып жүрсіз?

— Бақыт құсы соқырдың да, таздың да басына қона береді деседі ғой.

«Бастық бол» деді, болдым.

— Сөзіңіздің сықпытына қарағанда сізді бастықтыққа зорлап қойған тәрізді ғой.

— Солай десе де болады.

— Онда менің қос-қос дипломы бар ұлымды неге қызметке алмайды?

— Бұл сауалыңызға мен жауап бере алмаймын.

— Сіздіңше кім жауап береді?

— Жоғарыдағылар шығар.

— Сіз де биік үстелде отырсыз. Биіктегілермен ауыз жаласып жүргендердің бірісіз. Сауалымыздың жауабын сіз білмегенде кім біледі? Бұлтармай, тура жауап беріңіз.

— Құдай ақы, білмеймін дедім ғой, білмеймін. Неменен өзі менен жауап алатын Әңкүр-Мүңкір ме едіңдер?

— Жарайды, тым құрыса оқта-текте кешке серуендейтін бір велосипедіңіз бар шығар?

— Япыр-ай, қалай ғана біліп қойдыңдар. Бір велосипедімнің бары рас енді. Одан басқа дүние-мүлкім жоқ. Оллаһи-биллаһи, имандай шыным.

Шенеунік қарғана бастады. Үні мұндай зарлы болар ма? Обал-ай! Бишараны аяп кеттік. Сұхбат алушылардың бірі тіпті көзіне жас алып, дәсорамалын ұстап теріс айналды.

Арада апта аунады. Бір күні қаладағы ең қымбат мейрамхананың қасынан өтіп бара жатсам, әлгі түгі жоқ бишара шірене басып шырт түкіріп, қымбат автокөліктен түсіп келеді екен. Қолтығыңда қылымсыған бір қиғашқас бар. Мені танымай қаға-маға өте шықты.

Күні кеше сөйткен Дүлей Сүлейұлы да жөнep кетті. Құдай бетін аулақ қылсын, ана жаққа емес, мына жаққа. Отырған жерінен су шыққандай суыт тұрып, ұшар басына шықсаңыз бас айналдырар биік таулардай жоғары бір қызметке көтеріліп кетті. Сығарға биті, үрерге иті жоқ бишараны мұндай мәртебелі мансапқа кім көтерді деп қайран қалдық. Енді біреулер әлі де есеңгіреп жүр.

Қазір ештеңеге таңырқамайтын болдық емес пе? Сондықтан біз де:

— Артының қайырын берсін! — дедік те қойдық.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



МҰРНЫМ ЕСТИДІ!

— Әләу, қандай компания?

— Құлаққа керек, «Томпания».

— К-кешіріңіз...

— Есіміңіз?

— Тұрап.

Кейде естімейді құлақ,

— Біздің дәрі,

Алады бөрі.

Жас та көрі,

Алғыс айтасыз, әлі...

...Не керек,

Елден ерек,

Майын тамызды,

Көз жасымды ағызды,

«Керемет компания!» деп,

Шайнап тұрдым сағызды.

Пенсиямды алып,

Компанияға салып,

«Құлағым естиді» деп,

Болдым қарық...

Бірақ бүгінде

Таңғаламын күніге,

Құлағыммен демалам,

Мұрныммен естіп,

«Өлөөә!» деп алам,

Аузымды ашсам, көрем,

Масқара, тірідей өлем!

Жетпей қойды,

Осыған өрем...

Кереңмін, мұрын қыссам,

Осыған күлді бөлем.

Жетпей қойды өрем,

Жарайды!

Бұйырғанын көрем!

Көңіл қарайды,

Осы ғой, сатиралы өлең!

Мұхтар ШЕРІМ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҒЫЛТПАШ

Ап жемейтін,
Ащы шөптің
Шықпағанын,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанын
Шықпағаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Үйна-түйна,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Тұп-тұз
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуі» дейді.

Табаныман
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бұттырық боп,
Түбі күйді.
Бігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.



